

«Lemon Land Lombard» ЖШС
2026 ж. «21» шілдедегі

жалғыз қатысушының

шешімімен

БЕКІТІЛДІ

жалғыз қатысушы:

Асеева Н.А.



«Lemon Land Lombard» ЖШС ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы Қ. 2026 ж.

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Қолданылатын ұғымдар
3. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері
4. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары
5. Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
6. Микрокредит беру туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері
7. Ломбардтың микрокредиттер беру процесінде туындайтын қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) өтініштерін қарау тәртібі
8. Ломбардтың және қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) құқықтары мен міндеттері, олардың жауаптылығы
9. Микрокредиттер беруге байланысты қаржылық өнімдерді ұсыну талаптары, оның ішінде қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) үшін микрокредиттің жарамдылығын бағалауды жүргізу тәртібі
10. Микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу, өзгерту және бұзу тәртібі мен мерзімдері
11. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптар
12. Микрокредитті беру және өтеу тәртібі
13. Төлем қабілеті жоқ Қарыз алушымен өзара іс-қимыл тәртібі
14. Клиенттермен (Өтініш берушілермен, Қарыз алушылармен) жұмыс істеу тәртібі туралы ереже
15. Ломбард пен қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) арасындағы келіспеушіліктерді реттеу кезінде қаржылық қызметтерді тұтынушымен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) және қаржы омбудсманымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі
16. Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қызмет көрсету тәртібі
17. Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу
18. Өзге де талаптар

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Lemon Land Lombard» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Lemon Land Lombard» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Ломбард, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым) жеке тұлғаларға (бұдан әрі – Қарыз алушы) жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға қою арқылы бір жылға дейінгі мерзімге, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде мақсатсыз микрокредиттер беру тәртібі мен талаптарын айқындайды.

1.2. Ломбард Қарыз алушыға микрокредитті АҚШ долларының немесе өзге де шетел валютасының бағамына байланыстырмай, осы Ережелерде және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мөлшерде және тәртіппен, ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз етілу шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана береді.

1.3. Осы Ережелер мыналарға сәйкес әзірленді:

«Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V Заңына (бұдан әрі – «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңы), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне,

«Ломбардта заттарды сақтау мәселелерін, ломбардтардың үй-жайларының қауіпсіздігі мен техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды белгілеуді, ломбардтарда заңсыз алынған заттардың айналымына қарсы іс-қимыл шараларын қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 226 қаулысына,

«Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 92 қаулысына (бұдан әрі – Талаптар),

«Микрокредит алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік дерекнама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 210 қаулысына (бұдан әрі – «№ 210 қаулысы»),

«Қарыздар мен салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде (нақты құнын) есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 44 қаулысына.

1.4. Осы Ережелер «1-бағдарлама» (микрокредит беру туралы шарттар бойынша микрокредиттер 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде беріледі) және «2-бағдарлама» (микрокредит беру туралы шарттар бойынша микрокредиттер 100 АЕК-тен жоғары мөлшерде беріледі) микрокредиттеу бағдарламалары бойынша микрокредиттер беру туралы шарттарды және Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарттарды жасасу тәртібі мен талаптарын белгілейді.

1.5. Осы Ережелер Қарыз алушының (Өтініш берушінің) көріп танысуы үшін қолжетімді жерде орналастырылады және микрокредит беру туралы шарттың, Ломбард пен Қарыз алушы арасында жасалатын микрокредит беру туралы шарттың үлгілік талаптарының,

1.5. Осы Ережелер Қарыз алушының (Өтініш берушінің) көріп танысуы үшін қолжетімді жерде орналастырылады және микрокредит беру туралы шарттың, Ломбард пен Қарыз алушы арасында жасалатын микрокредит беру туралы шарттың үлгілік талаптарының, сондай-ақ Ломбардтың кепіл билетін беруімен ресімделетін Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.6. Ломбард Қарыз алушыға микрокредитті күнтізбелік 30 (отыз) күннен 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге, микрокредиттеу бағдарламасына қарай, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын сомада береді.

1.7. Ломбард жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілімен микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады. Қосымша құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алуды, сақтауды және сатуды жүзеге асырады.

1.8. Ломбард қарыз алушылар туралы мәліметтерді, микрокредиттердің мөлшерлерін, микрокредит беру туралы шарттың Қарыз алушыға қатысты өзге де талаптарын және микроқаржы ұйымының операцияларын (микрокредиттер беру ережелерін қоспағанда) қамтитын микрокредит беру құпиясына кепілдік береді.

1.9. Ломбард бөлімшелерінің жұмыс тәртібі күнтізбелік әрбір жылдың 1 және 2 қаңтарын қоспағанда, күн сайын сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін белгіленеді. Базарлардың, сауда орталықтарының, супермаркеттердің және өзге де сауда нысандарың аумағында орналасқан бөлімшелер үшін жұмыс тәртібі тиісті нысанның жұмыс тәртібі ескеріле отырып айқындалады. Мұндай нысан қызметін жүзеге асырмайтын күндері ломбардтың тиісті бөлімшесі де жұмыс істемейді.

Жұмыс кестесі мемлекет енгізетін шектеулерге сәйкес өзгертілуі мүмкін.

2. НЕГІЗГІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР

2.1. Сыйақы – ұйымға тиесілі ақшаның жылдық мөлшерін есептеу арқылы микрокредит сомасына пайыздық көрісеткішпен айқындалған, берілген микрокредит үшін ақы.

2.2. Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт – Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға, сондай-ақ жеке пайдалануға арналған көлік құралын кепілге беретін шарт. Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт Ломбардтың кепіл билетін беруімен ресімделеді.

2.3. Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) – Ломбардтың Қарыз алушыға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға қою арқылы, сондай-ақ жеке пайдалануға арналған көлік құралын кепілге қою арқылы бір жылға дейінгі мерзімге, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде, белгіленген мөлшерде сыйақы есептеле отырып және Қарыз алушының ақша сомасы мен есептелген сыйақыны шартта айқындалған мерзімде қайтару міндеттемесімен микрокредит беруі туралы шарт:

еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жасалған, мынадай талаптарға сәйкес келетін микрокредит беру туралы шарт:

- 1) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспайды. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшері – күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан аз, бірақ 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспайды;
- 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауға тиіс;
- 3) Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша барлық төлемдері, оның ішінде микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы, микрокредит нысанасын қоспағанда, микрокредит беру туралы шарттың қолданылуының бүкіл кезеңі ішінде жиынтығында берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс;
- 4) тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартатын талаптармен күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі.

2.3.2. «2-бағдарлама» бойынша 100 АЕК-тен жоғары микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) – жеке тұлғамен бір жылға дейінгі мерзімге, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жасалған, мынадай талаптарға сәйкес келетін микрокредит беру туралы шарт:

- 1) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспайды. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшері – 46 (қырық алты) пайыз;
- 2) Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзған жағдайда есептелетін тұрақсыздық айыбының мөлшері Ломбардтың шешімімен бекітіледі. Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы мерзімі өткен тоқсан күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан, бірақ микрокредит беру туралы шарттың қолданылуының әрбір жылы үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

2.4. Берешек – микрокредит беру туралы шарт, Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт бойынша Қарыз алушының Ломбардқа төлеуге тиіс барлық ақша сомалары, оның ішінде осы Ережелерде, микрокредит беру туралы шартта, Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шартта көзделген микрокредит сомасы, сыйақы және тұрақсыздық айыбы.

2.5. Кепіл беруші – Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын,

микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге беретін әрекетке қабілетті жеке тұлға.

2.6. Кепіл ұстаушы – микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде жеке тұлғалардан жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге қабылдауды жүзеге асыратын «Lemon Lombard» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

2.7. Кепіл билеті – Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт ресімделген кезде Ломбард беретін, кепіл заты туралы мәліметтерді және микрокредит беру талаптарын қамтитын микрокредит беру туралы шарт.

2.8. Қарыз алушы (клиент, қаржылық қызметтерді тұтынушы) – Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын, Ломбардпен жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілімен микрокредит беру туралы шарт жасасқан әрекетке қабілетті жеке тұлға.

2.9. Өтініш беруші (клиент, қаржылық қызметтерді тұтынушы) – Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын, Ломбардқа микрокредит беру туралы өтініш берген әрекетке қабілетті жеке тұлға.

2.10. Атаулы сақтау түбіртегі – Ломбардта затты сақтау шарты жасалған кезде Ломбард бере алатын, сақтауда тұрған зат туралы мәліметтерді және атаулы сақтау түбіртегінің мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде Ломбардтың затты сақтау жөніндегі міндеттерін қамтитын құжат.

2.11. Кредиттік дерекнама – Ломбард әрбір Қарыз алушыға қалыптастыратын құжаттар мен мәліметтер.

2.12. Кредиттік бюро – кредиттік тарихтарды қалыптастыруды, кредиттік есептерді ұсынуды және өзге де қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйым.

2.13. Ломбард – жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға қою арқылы бір жылға дейінгі мерзімге, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде мақсатсыз микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыратын «Lemon Lombard» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Ломбард микрокредит беру туралы шартты және Ломбардтың кепіл билетін беруімен ресімделетін Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шартты Қарыз алушының осы Ережелерде белгіленген тәртіппен мыналарға келісімін алған жағдайда жасасады:

- ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына беруге;
- кредиттік есепті кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына беруге.

2.14. Айлық есептік көрсеткіш – АЕК, Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында тиісті қаржы жылына белгіленген.

2.15. Микрокредит – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым Қарыз алушыға Заңда және осы Ережелерде айқындалған мөлшерде және тәртіппен, ақылшылық, мерзімділік,

қайтарымдылық және қамтамасыз етілу шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – теңгеде беретін ақша.

2.16. Талап етілмеген зат – Ломбардта сақтауда тұрған және атаулы сақтау түбіртегінің мерзімі өткеннен кейін Сақтауға беруші талап етпеген зат.

2.17. Тұрақсыздық айыбы – микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін Қарыз алушының Ломбардқа микрокредиттеу бағдарламасына қарай осы Ережелерде және микрокредит беру туралы шартта айқындалған мөлшерде төлейтін ақша сомасы.

2.18. Сақтауға беруші – Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын, атаулы сақтау түбіртегінің талаптарына сәйкес Ломбардқа затты сақтауға беретін әрекетке қабілетті жеке тұлға.

2.19. Кепіл заты (кепілсалым/жылжымалы мүліктің кепілсалымы) – микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін, жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік.

2.20. Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімі / Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті кредиттік есепті алушыға беруге келісімі – «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ломбард бекіткен, оларды қабылдай және оларға қол қоя отырып Қарыз алушының ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға ұсыну және кредиттік бюродан кредиттік есепті беру талаптарымен келісетін құжаттар.

2.21. Микрокредит бойынша артық төлем сомасы – микрокредит нысанасын қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша барлық төлемдерінің сомасы.

2.22. Уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2.23. ХӘОТ – «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтары.

2.24. Сауалнама – Қарыз алушы Ломбардқа өтініш жасаған кезде өзі дербес ұсынған, ол туралы мәліметтер.

2.25. Микроқаржы омбудсманы – жеке тұлғаның және Ломбардтың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында Ломбард пен жеке тұлға арасында жасалған микрокредит беру туралы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді оның өтініші бойынша реттеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда әрекет ететін, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға.

2.26. Қаржылық өнімдер – «100 АЕК-тен аспайтын», «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламалары.

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

3.1. Ломбард бір Қарыз алушыға микрокредиттерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлер мен мерзімдер шегінде береді.

3.2. Бір кепіл билеті бойынша 100 (жүз) АЕК-тен аспайтын мөлшерде микрокредиттер берудің ең ұзақ мерзімі күнтізбелік 45 күнді құрайды, ұзарту мүмкіндігімен, бұл ретте барлық ұзартулардың жалпы мерзімі 90 күннен аспауға тиіс (микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері).

Микрокредиттің ең қысқа мерзімі – 5 күн; 5 күннен 10 күнге дейін; 15 күннен 25 күнге дейін; 30 күннен 45 күнге дейінгі мерзімге беруге болады.

3.3. Ломбардтың жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға қою арқылы, сондай-ақ жеке пайдалануға арналған көлік құралын кепілге қою арқылы бір кепіл билеті (шарт) бойынша микрокредиттер беру жөніндегі қызметі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК-тің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде, бір жылға дейінгі ең ұзақ мерзіммен шектеледі (микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері).

3.4. Ломбард микрокредиттің екі түрін бекітті:

– Шарттың бірінші түрі – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 (жүз) еселенген мөлшеріне дейінгі сомада, мерзімі күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейін («1-бағдарлама» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша шарт).

– Шарттың екінші түрі – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 АЕК-тен жоғары, бірақ 8000 еселенген мөлшерінен аспайтын сомада, мерзімі 1 (бір) жылға дейін («2-бағдарлама» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша шарт).

3.5. Өтініш беруші, кейіннен Қарыз алушы, өз кепілінің (кепілсалымының) шегінде микрокредиттің түрін дербес таңдайды.

4. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЯҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ

4.1. Мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 (жүз) еселенген мөлшерінен аспайтын, күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге берілетін «1-бағдарлама» микрокредиттері бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесі күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан аз, бірақ 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспайтын мөлшерді құрайды.

4.2. Микрокредиттерінің сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 (жүз) еселенген мөлшерінен аспайтын, күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге жасалған микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша барлық төлемдер, оның ішінде сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы, кепіл билетінің қолданылуының бүкіл кезеңі үшін жиынтығында берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

4.3. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 8000 (сегіз мың) еселенген мөлшеріне дейінгі сомада, күнтізбелік 1 (бір) жылға

дейінгі мерзімге берілетін «2-бағдарлама» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшері 46 (қырық алты) % ЖТСМ-нан аспайды.

4.4. Ломбард микрокредит бойынша сыйақының шамалары туралы ақпаратты қамтитын жарнаманы таратқан және (немесе) орналастырған кезде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін міндетті түрде көрсетеді.

4.5. Шарт жасасқан, сыйақы мөлшерлемесі өзгерген және (немесе) микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты жаңа комиссиялар мен өзге де төлемдер өзгерген немесе енгізілген күнге сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі осы Ережелердің 4.1 және 4.3-тармақтарында бекітілген шекті мөлшерден аспауға тиіс.

4.6. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі деп микрокредит бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі танылады; оны есептеуге Қарыз алушының негізгі борыш пен сыйақы бойынша барлық төлемдері, оның ішінде Қарыз алушының үшінші тұлғалардың пайдасына жүзеге асыратын өзге де төлемдері (микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалған күні белгілі болатын) енгізіледі.

Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері оның шекті мөлшерінен аспауға тиіс.

4.7. Қарыз алушының ақша міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптары өзгерген кезде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) қолданылу мерзімінің басынан бастап Қарыз алушы жүргізген микрокредит бойынша төлемдер ескерілмей, талаптар өзгертілетін күнгі берешектің қалдығы мен микрокредитті өтеудің қалған мерзімі негізге алына отырып жүргізіледі.

5. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қарыз алушы (Кепіл беруші) Ломбардқа (Кепіл ұстаушыға) өзіне меншік құқығымен тиесілі, жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға береді. Кепіл құқығы Ломбардта Ломбардтың кепіл билетін беруімен ресімделетін Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт негізінде туындайды және Қарыз алушы міндеттемелерді бұзған жағдайда Ломбардқа кепілге салынған мүліктің құнынан өтем алу құқығын береді.

5.2. Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард мыналарды қабылдайды:

– бағалы металдардан жасалған бұйымдарды;

5.3. Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдарды қабылдайды. Кепілге берілетін зергерлік бұйымдарға қойылатын талаптар:

Ломбард әртүрлі өндірушілердің, әртүрлі сынамадағы бағалы металдардан жасалған бұйымдарды, оның ішінде қолөнер жолымен/қолдан жасалған бұйымдарды қабылдайды.

Ломбард кепіл заты ретінде моральдық тұрғыдан ескірген және сапасы күмәнді зергерлік бұйымдарды қабылдамайды. Зергерлік бұйымдарға үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбауға тиіс.

Құрамында бағалы металдар мен бағалы тастар бар бүтін және жиынтықталған зергерлік бұйымдарды Ломбардтың кепіл заты ретінде зергерлік бұйымдардың сынығы түрінде қабылдауына жол берілмейді.

5.4. Кепіл беруші (Өтініш беруші, Қарыз алушы) кепілге беретін зергерлік алтын бұйымдардың түпнұсқалығын тексеру кезінде Ломбард мынадай реактивтер мен аспаптарды пайдаланады:

- 750 сынамалы (18 карат алтын) зергерлік алтын бұйымдар үшін – қышқыл реактиві;
- 375 сынамалы (9 карат алтын) зергерлік алтын бұйымдар үшін – қышқыл реактиві;
- 585–583 сынамалы (14 карат алтын) зергерлік алтын бұйымдар үшін – хлор және қышқыл реактиві;
- күмістен жасалған зергерлік бұйымдар үшін – хромпик;
- зергерлік алтын бұйымдар үшін – сынамалау тасы;
- зергерлік алтын бұйымдар үшін – егеуше;
- бұйымның дәл салмағын анықтауға арналған таразы;
- зергерлік бұйымдағы сынама мен атаулы таңбаны нақтылауға арналған үлкейткіш әйнек.

5.5. Кепіл затты бағалау кезінде Ломбардтың қызметкері кепіл мүлкінің сапалық және сандық сипаттамаларын, оның өтімділігін ескереді. Зергерлік бұйым оның сапасы мен түпнұсқалығын тексеру үшін химиялық реактивтермен міндетті түрде сынамаланады.

Кепілге берілетін зергерлік бұйымды бағалауды Ломбардтың қызметкері кепілге берілетін зергерлік бұйымдарды бағалау жөнінде Ломбардта бекітілген мөлшерлемелерге сәйкес жүргізеді.

5.6. Ломбард зергерлік алтын бұйымдарды ұқсас бұйымдардың нарықтық құнының 10%-ынан 90%-ына дейінгі мөлшерде бағалайды. Кепіл беруші (Өтініш беруші, Қарыз алушы) бұйымды бағалаудың ең жоғары сомасына бұйым мінсіз күйде болған жағдайда ғана үміттенеді.

Кепіл беруші (Өтініш беруші, Қарыз алушы) кепіл ретінде берілетін зергерлік бұйымдарды немесе зергерлік бұйымдардың сынығын сынамалаудан немесе химиялық реактивтермен тексеруден бас тартқан жағдайда, Ломбард бұл бұйымдарды қабылдамайды.

5.7. Кепіл билетінде зергерлік алтын бұйымдардың сипаттамасы қамтылады, оған мыналар кіреді: жеке сәйкестендіру белгілері көрсетілген зергерлік бұйымның атауы және бұйымның бар ақаулары көрсетілген сақталу дәрежесі, сынамасы, бұйымның салмағы, оның өлшемдері (қажет болған кезде), бағалау сомасы және өзге де талаптар.

5.8. Ломбардтың қызметкері кепілге берілген зергерлік бұйымдарды сақтау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

5.9. Микрокредит беру туралы шарт бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард жеке пайдалануға арналған мынадай техниканы қабылдайды:

- 1) ұялы телефондар;
- 2) смартфондар;
- 3) планшеттер;
- 4) ноутбуктер;
- 5) смарт сағаттар;
- 6) өзге де техника.

5.10. Кепілге (кепілсалымға) берілетін техникаға қойылатын талаптар:

- тиісті сыртқы түрі және техникалық жай-күйі;
- модельдің жаңалығы (Android платформасындағы модельдер үшін 3 (үш) жылдан аспаған);
- толық жиынтықталым (қаптаманың, зарядтау құрылғысының, құлаққаптың және/немесе техниканы мақсаты бойынша пайдалану үшін қажетті құрылғылардың болуы);
- техникалық паспорттың, кепілдік талонының болуы;
- техника үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды талаптарынан бос болуға тиіс.

5.11. Кепіл затты бағалау кезінде Ломбардтың қызметкері кепіл мүлкінің сапалық және сандық сипаттамаларын, оның өтімділігін ескереді, техниканы корпус ақауларының, экран ақауларының (сызаттардың, мүжілгендердің) және т.б. болуына көзбен шолып тексереді. Кепілге берілетін кепіл затын бағалауды Ломбардтың қызметкері кепілге берілетін техниканы бағалау жөнінде Ломбардта бекітілген мөлшерлемелерге сәйкес жүргізеді.

5.12. Ломбард техниканы ұқсас техниканың нарықтық құнының 10%-ынан 90%-ына дейінгі мөлшерде бағалайды. Кепіл беруші (Өтініш беруші, Қарыз алушы) техниканы бағалаудың ең жоғары сомасына осы модель жаңа болған, толық жиынтықталымы бар және мінсіз күйде болған жағдайда ғана үміттенеді.

5.13. Микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) техниканың сипаттамасы қамтылады; оған мыналар кіреді: жеке сәйкестендіру белгілері көрсетілген атауы, техниканың сақталу дәрежесі және бар ақаулары, бағалау сомасы және өзге де талаптар.

5.14. Ломбардтың қызметкері кепілге берілген техниканы сақтау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

5.15. Микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) бұйымның сипаттамасы қамтылады; оған мыналар кіреді: жеке сәйкестендіру белгілері көрсетілген атауы, бұйымның сақталу дәрежесі және бар ақаулары, бағалау сомасы және өзге де талаптар.

5.16. Микрокредит беру туралы шарттар (кепіл билеті) бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард мыналарды кепілге (кепілсалымға) қабылдамайды:

- айналымнан алынған не айналымда шектелген мүлікті;

- жылжымайтын мүлікті;
- тыйым салынған мүлікті;
- үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлікті;
- болашақта Кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлікті;
- тез бұзылатын шикізатты, тамақ өнімдерін;
- балаларға арналған керек-жарақтарды;
- мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдарын, мүгедектердің техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдары мен арнайы жүріп-тұру құралдарын;
- Қазақстан Республикасының халықаралық және мемлекеттік сыйлықтарын, мемлекеттік ордендерін, медальдарын және құрметті атақтарына арналған омырауға тағатын белгілерін;
- үлбір мен басқа да бағалы киімді, асхана сервиздерін, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда, пайдалануда болған киімді, аяқ киімді, іш киімді, төсек-орын жабдықтарын, ас үй және асхана ыдыс-аяғын;
- құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар тұтас әрі жиынтықты зергерлік бұйымдарды зергерлік бұйымдардың сынығы ретінде.

6. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ШЕКТІ МЕРЗІМДЕРІ

6.1. Өтініш беруші Ломбардқа микрокредит беру туралы өтініш бергеннен кейін Ломбард «1-бағдарлама», «2-бағдарлама» микрокредиттеу бағдарламалары бойынша Өтініш берушіден микрокредит беру туралы өтінішті алған сәттен бастап 40 минут ішінде микрокредит беру туралы өтінішті қанағаттандыру туралы (микрокредит беру туралы оң шешім қабылдау) не осы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы (микрокредит беруден бас тарту туралы шешім қабылдау) шешім қабылдайды.

7. ЛОМБАРДТЫҢ МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ (ӨТІНІШ БЕРУШІЛЕРДІҢ, ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ) ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

7.1. Ломбардтың қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қарауы Талаптарда белгіленген тәртіппен, сондай-ақ қызметтерді тұтынушылардың – жеке тұлғалардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) құқықтары мен мүдделерін сақтау саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) мынадай өтініштерімен жұмысты жүзеге асырады:

- 1) қолма-қол, пошта, электрондық пошта арқылы не микроқаржылық қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке немесе заңды тұлғаның өтініш беру сервисі көзделген Ломбардтың интернет-ресурсы немесе мобильдік қосымшасы (бар болса) арқылы келіп түскен жазбаша өтініштермен;

- 2) телефон арқылы не қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) Ломбардқа жеке өзі келуі кезінде келіп түскен ауызша өтініштермен.

7.3. Чат форматында жіберілген хабарламалар клиенттердің өтініштері болып танылмайды және кеңес беру сипатындағы сұрау салулар ретінде қаралады. Бұл ретте клиент талап, шағым білдірген не Ломбардтың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келіспеушілігін білдірген жағдайда Ломбард клиентке осы Ережелерге сәйкес өтініш беру тәртібі туралы хабарлайды.

7.4. Интернет-ресурста және (немесе) мобильдік қосымшада (бар болса) нақты уақыт режимінде хабарлама алмасу жүйесі арқылы жіберілген және (немесе) Ломбардқа тіркелген абоненттік нөмірлерге келіп түскен хабарламалар қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) өтініштері болып танылмайды және ақпараттық сипаттағы сұрау салулар ретінде қаралады. Бұл ретте Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушыны (Өтініш берушіні, Қарыз алушыны) Талаптардың қағидаларына сәйкес келетін өтініш беру тәртібі туралы хабардар етеді.

7.5. Микрокредиттер беру жөніндегі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) өтініштеріне мынадай өтініштер жатпайды:

- 1) Ломбард қызметкерінің бір мезгілде қаржылық қызметтерді тұтынушы болып табылатын және өзіне қаржылық қызметтер көрсетуге қатысты мәселелер бойынша жүгінетін жағдайларын қоспағанда, Ломбард қызметкерлерінің ұйымға жұмыс беруші ретінде еңбек және әлеуметтік мәселелер бойынша жүгінуі, егер олар қаржылық қызметтер көрсетумен байланысты болмаса;
- 2) қаржылық қызметтерді тұтынушыларға микрокредиттер берумен байланысты емес, қатысушылар (құрылтайшылар), басқару органдарының мүшелері, бенефициарлар мен Ломбардтың өзі арасындағы корпоративтік жанжалдар мен даулар (оның ішінде корпоративтік басқару, пайданы бөлу, облигациялар бойынша сыйақы төлеу, бағалы қағаздарды шығару және орналастыру мәселелері жөніндегі даулар);
- 3) қаржылық өнімдерді ұсынуға жатпайтын шарттар (жалдау, жеткізу, мердігерлік, аутсорсинг, АТ-сүйемелдеу шарттары және өзге де шарттар) бойынша қаржылық қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын Ломбард контрагенттерінің өтініштері;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын не қаржылық өнімдердің талаптарын түсіндіруге немесе ақпарат беруге қатысты, Ломбардтың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не қаржылық өнімдердің талаптарына қанағаттанбаушылық білдіруді қамтымайтын сұрау салулар;
- 5) егер қаржылық қызметтерді тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы мәліметтерді қамтымаса, Ломбардтың есептілікті (салықтық, статистикалық немесе өзге де) ұсынуына байланысты сұрау салулар;
- 6) нақты қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) құқықтарының бұзылғанын көрсетпей, Қазақстан Республикасы заңнамасының болжамды бұзылуы, сыбайлас жемқорлық, теріс пайдаланушылық, сондай-ақ өзге де бұзушылықтар туралы өтініштер;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарының, кәсіптік және қоғамдық бірлестіктердің және нақты шарт (мәміле) бойынша қаржылық қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын өзге де ұйымдардың өтініштері, өтініште бұған тікелей нұсқай отырып, нақты қаржылық

қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) мүддесінде берілген өтініштерді қоспағанда;

- 8) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) дербес өтініштерін қамтымайтын, бақылау, қадағалау және құқық қолдану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен хат алмасу;
- 9) олардың мазмұнын және (немесе) өтініш берушінің талаптарын анықтауға мүмкіндік бермейтін өтініштер (оқылмайтын мәтіндер, байланыссыз хабарламалар немесе жаппай автоматтандырылған таратылымдар).

7.6. Ломбардтың уәкілетті тұлғалары Ломбардтың атқарушы органы бекіткен қабылдау кестесіне сәйкес жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін айына кемінде бір рет жеке қабылдауды жүргізеді.

7.7. Егер өтінішті Ломбардтың уәкілетті тұлғасы жеке қабылдау кезінде шеше алмаса және ол қосымша пысықтауды талап етсе, оны қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) жазбаша нысанда ресімдейді және ол жазбаша өтініш ретінде қаралады.

7.8. Ломбардқа ауызша нысанда (телефон арқылы не жеке өзі келуі кезінде) келіп түскен өтініштер өтініш білдірілген сәтте қаралады. Егер ауызша өтініш білдірілген сәтте шешілмесе, қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) жазбаша өтініш беру тәртібі және оны қарау мерзімдері түсіндіріледі.

7.9. Телефон арқылы берілген ауызша өтініштер міндетті түрде тіркелуге жатады, сөйлесулерді жазу қаржылық қызметтерді тұтынушыны (Өтініш берушіні, Қарыз алушыны) әңгіменің басында бұл туралы хабардар ете отырып жүргізіледі.

7.10. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) жазбаша өтініштері Ломбардтың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен міндетті түрде тіркелуге жатады.

7.11. Қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) оның жазбаша өтінішінің қабылданғанын растайтын құжат беріледі не өтініштің көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Өтініштерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

7.12. Өтінішті қарау үшін ақпарат жеткіліксіз болған кезде Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушыдан (Өтініш берушіден, Қарыз алушыдан) қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады.

7.13. Қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) өтінішін қарау мерзімі өтініш Ломбардқа келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

7.14. Өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажет болған жағдайда оны қарау мерзімі тағы 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылады.

Қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) Ломбард тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

7.15. Ломбард жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің объективті, жан-жақты және уақтылы қаралуын қамтамасыз етеді және қаржылық қызметтерді тұтынушыларды оларды қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

7.16. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша жазбаша жауап өтініш білдірілген тілде беріледі және мыналарды қамтиды:

- 1) қызметтерді тұтынушы баяндаған әрбір мәселе бойынша негізделген және дәлелді уәждер;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, ұйымның ішкі құжаттарына және шарттардың талаптарына сілтемелер;
- 3) анықталған нақты мән-жайлардың сипаттамасы;
- 4) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) қабылданған шешімге шағымдану құқығын түсіндіру (қаржылық қызметтерді тұтынушының талабынан бас тартылған және (немесе) ол ішінара қанағаттандырылған жағдайда).

7.17. Өтініш негізді болған жағдайда Ломбард оны қанағаттандыру (толық немесе ішінара), анықталған бұзушылықты жою және қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

7.18. Жазбаша өтінішке жауапқа Ломбардтың уәкілетті тұлғасы қол қояды. Қолтаңбаны факсимильдік көшіру құралдарын не Ломбардтың ішкі құжаттарында көзделген өзге де тәсілді пайдалануға жол беріледі.

Жауап осы Ережелердің 7.19-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген тәсілдермен жіберілген жағдайда оған қол қою талап етілмейді.

7.19. Жауапты қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) беру микрокредит беру туралы шартта және осы Ережелерде көзделген тәсілмен жүзеге асырылады.

Жауап қаржылық қызметтерді тұтынушыға мына тәсілдермен жіберілген жағдайда жеткізілген болып саналады:

- 1) шартта не қызметтерді тұтынушының өтінішінде көрсетілген мекенжай бойынша тапсырыс хатпен;
- 2) шартта не қаржылық қызметтерді тұтынушының өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- 3) жауаптың мәтіні қамтылған SMS-хабарлама немесе push-хабарландыру жіберу арқылы не жауаптың толық мәтіні бар интернет-ресурсқа (бар болса) сілтеме жіберу арқылы;
- 4) жауаптың алынуын тіркеуді қамтамасыз ететін, микрокредит беру туралы шартта, осы Ережелерде көзделген өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

7.20. Қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) Ломбардқа жеке өзі келген кезде жауап оның (немесе оның уәкілетті өкілінің) жеке қолына қолхат алына отырып

тапсырылады, бұл туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі қойылады; бұл осы Ережелердің 7.19-тармағында көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапқа қолданылмайды.

7.21. Жауапты тапсыру мүмкін еместігі туралы не қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) оны қабылдаудан бас тартқаны туралы белгісімен қайтарылған жағдайда жауап тиісінше берілген болып есептеледі.

7.22. Ломбард келіп түскен өтініштердің жіктеуішін жүргізеді; ол мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) барлық жазбаша өтініштердің тіркелуін;
- 2) өтініш бойынша негізгі ақпаратты;
- 3) микрокредиттер беру процесінде келіп түскен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) өтініштерін қараудың ішкі тәртібінің талаптарына сәйкес өтініштердің жіктелуін;
- 4) ақпараттың кемінде 5 (бес) жыл сақталуын.

7.23. Өтініш бойынша негізгі ақпарат мыналарды қамтиды:

- 1) өтініштің тіркеу нөмірі мен күні;
- 2) қаржылық қызметтерді тұтынушының (оның өкілінің) жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі және олар өтініште көрсетілген жағдайда байланыс деректері;
- 3) өтініште көрсетілген жағдайда демографиялық деректер (жынысы, жасы, өңірі);
- 4) өтініштің келіп түскен арнасы;
- 5) кредиттік өнімнің түрі;
- 6) мәселенің жіктеуіші;
- 7) өтініштің мәні мен сипаттамасы;
- 8) жауапты қызметкерлер туралы мәліметтер;
- 9) өтініш бойынша қабылданған шешім.

8. ЛОМБАРДТЫҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫНЫҢ (ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ, ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

8.1. Ломбард мыналарға құқылы:

- 1) тараптар микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) қол қойғаннан кейін Қарыз алушыға микрокредитті қолма-қол ақшамен не банк шотына беруге;

- 2) Қарыз алушының міндеттемені тиісінше және уактылы орындауын қамтамасыз ету мақсатында Қарыз алушыдан жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге алуға;
- 3) Өтініш берушіден, Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу және осы Ережелерде айқындалған, ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 4) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңында көзделген мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес - жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін жинауға;
- 5) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-бабының 6-тармағында көзделген, сондай-ақ микрокредит беру туралы шартта белгіленген жағдайларда шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 6) Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 7) Қарыз алушыға берешекті алдағы өтеу туралы, сондай-ақ Қарыз алушыға берілген микрокредитке байланысты өзге де әрекеттерді жасау қажеттігі туралы ауызша және жазбаша түрде еске салуға;
- 8) Өтініш берушінің, Қарыз алушының жазбаша келісімі болған кезде Өтініш беруші, Қарыз алушы туралы кредиттік тарихтарды қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты кредиттік бюроларға, мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда, беруге және (немесе) кредиттік бюродан кредиттік есепті алуға;
- 9) Өтініш берушінің, Қарыз алушының жазбаша келісімімен кредиттік бюролардан (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда), «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ-тан және өзге де ұйымдардан ақпарат сұратуға, алуға;
- 10) Өтініш берушінің, Қарыз алушының жазбаша келісімімен дербес деректерді тексеруге және өңдеуге;
- 11) кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпаратты кредиттік бюроларға беруге және кредиттік бюролар ұсынған кредиттік есептердің ақпаратын, оның ішінде кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпаратты қамтитын ақпаратты алуға;
- 12) Қарыз алушының келісімінсіз микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап ету құқығы) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға беруге. Ломбард пен көрсетілген тұлға арасында берілген микрокредит бойынша талап ету құқықтарын беру туралы шарт жасасқан кезде үшінші тұлғаға микрокредитке байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде микрокредит бойынша теріс ақпаратты беруге.

Ломбард микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап ету құқығы) үшінші тұлғаға берген кезде микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың Қарыз алушымен өзара қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына

қолданылады, ал микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талап ету) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына қолданылады.

13) микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдер болған кезде берешекті қайтару жөніндегі жұмысты, оның ішінде мына тәсілдермен жүзеге асырылады:

- SMS-хабарламалар;
- электрондық поштаға хабарландырулар;
- ақпараттық телефон қоңыраулары;
- Қарыз алушымен байланыс жасау және кәсіби әңгімелер жүргізу;
- кепіл затын өткізу;
- кепіл (кепілсалым) затының Ломбардтың меншігіне өтуі;
- микрокредит бойынша берешекті сот тәртібімен өндіріп алу (кепіл заты жоғалған жағдайда);
- микрокредит бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және осы Ережелерде белгіленген өзге де әдістер.

14) Өтініш беруші берген микрокредит беру туралы өтінішті қарау сатысында микрокредит беруден бас тартуға;

15) Қарыз алушыдан, Кепіл берушіден осы Ережелерде және жасалған микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген барлық міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;

16) Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартта көзделген мерзімде берілген микрокредитті және сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын қайтару жөніндегі міндетті орындамаған кезде өз қалауы бойынша:

- кепіл затты сауда-саттық өткізбестен өткізуге;
- кепіл затты сауда-саттық өткізу арқылы соттан тыс тәртіппен өткізуге, сондай-ақ сауда-саттық өтпеді деп жарияланған жағдайда кепіл затты өз меншігіне айналдыруға;
- Қарыз алушыдан микрокредит бойынша берешекті ақша сомасында сот тәртібімен өндіріп алуды талап етуге (кепіл зат жоғалған жағдайда);
- микроқаржылық қызмет туралы заңнаманың талаптары сақталған кезде шарт бойынша құқықты (талап ету құқығы) Қарыз алушының келісімінсіз үшінші тұлғаға беруді жүзеге асыруға;
- микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген сотқа талап қоюмен жүгінуге;

– берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге коллекторлық агенттікке беруге;

– атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алуға. Атқарушылық жазба, егер шартта өзге мекенжай көрсетілмесе, қарыз алушының (жеке тұлғаның) тіркелген жері не тұрғылықты жері бойынша жасалады.

17) мынадай жағдайларда Қарыз алушыдан микрокредитті өтеу жөніндегі міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге:

– Қарыз алушының микрокредит беруге арналған өтініште анық емес мәліметтер хабарлаганы фактісі анықталған кезде;

– Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу кезінде осы Ережелерде көзделген талаптарға сәйкес келмейтін құжаттарды және/немесе мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде;

– кепіл затының жоғалу немесе бүліну қаупі туындаған кезде;

– үшінші тұлға мүлікті кепілге берудің құқыққа сыйымдылығы туралы талаптар қойған кезде.

18) микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

19) микрокредит бойынша берешек болған кезде берешекті қайтару жөніндегі жұмысты, оның ішінде осы Ережелерде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыруға;

20) Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда берешекті төлеуді Қарыз алушының мұрагерлерінен, мұрагерлік тәртібімен осындай мұрагерлерге өткен Қарыз алушы мүлкінің құны шегінде талап етуге;

21) біржақты тәртіппен өз қалауы бойынша сыйақының, микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының мөлшерін төмендетуге және (немесе) сыйақы, микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы алынбайтын уақыт кезеңін белгілеуге, бұл туралы Қарыз алушыны ауызша немесе жазбаша хабардар ете отырып.

Ломбард сыйақының, микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының мөлшерін төмендету туралы және (немесе) сыйақы, микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы алынбайтын кезеңді белгілеу туралы Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта көрсетілген телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы, және/немесе микрокредит беру туралы шартта көрсетілген телефон нөміріне телефон қоңырауымен дауыстық хабарлама беру арқылы, және/немесе шартта көрсетілген Қарыз алушының электрондық мекенжайына жіберу арқылы, және/немесе Қарыз алушының жеке бөліміне хабарландыру (оның ішінде push-хабарландыру) жіберу арқылы хабарлауға құқылы.

22) «100 АЕК-тен аспайтын» және «100 АЕК-тен асатын» бағдарлама бойынша микрокредитті өтеудің қосымша әдісін қолдана отырып, микрокредитті өтеу мерзімін ұзарту.

- 23) микрокредиттеу процесін бақылау мақсатында Өтініш берушіні / Қарыз алушыны / Кепіл берушіні (ол болған кезде), міндеттемені қамтамасыз етуге кепіл ұсынатын үшінші тұлғаны суретке түсіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ олармен сөйлесудің аудио- және бейнежазбасын жүргізуге, бұл ретте Өтініш берушіні / Қарыз алушыны / Кепіл берушіні (ол болған кезде), міндеттемені қамтамасыз етуге кепіл ұсынған үшінші тұлғаны көрсетілген әрекеттер туралы ауызша ескерте отырып;
- 24) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыруға;
- 25) микроқаржылық қызметпен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып өзге де қызметті, оның ішінде құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алуды, сақтауды және сатуды жүзеге асыруға;
- 26) Қарыз алушы, Кепіл беруші ұсынатын кепіл затын Ломбардта бекітілген мөлшерлемелерге сәйкес бағалауды жүргізуге;
- 27) қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда Қарыз алушы туралы ақпаратты ішкі істер органдарына беруге, сондай-ақ ішкі істер органдарына кредиттік есеп беруге;
- 28) Қазақстан Республикасының заңнамасында, микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) және осы Ережелерде белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8.2. Ломбардтың мыналарға құқығы жоқ:

- 1) сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға;
- 3) Ломбардқа микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;
- 4) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуға;
- 5) теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені және төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуге;
- 6) кепілге қойылған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге;
- 7) нотариусқа шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін атқарушылық жазба жасау туралы өтініштерді шартта көрсетілген борышкердің мекенжайына сәйкес нотариус

қызметінің аумағы бойынша емес жерге беруге, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес ұйымның үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа беруге;

- 8) Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау талаптары туралы келісім (шарт) жасасуға;
- 9) жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін талаптармен ұлғайтуға;
- 10) микрокредит сомасын ұлғайтуға;
- 11) жеке тұлғаға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) тіркеуге жататын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредиттерді «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-1-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде мөлшері белгіленетін сомадан жоғары, оның жұбайының (зайыбының) келісімінсіз беруге тыйым салынады.

Тіркеуге жататын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит алуға жұбайының (зайыбының) келісімін алу тәртібі және жұбайының (зайыбының) келісімі қажет болатын микрокредиттің ең төменгі мөлшері «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-1-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Ломбард жеке тұлғаға «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 4-бабы 9-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген талаптарды сақтамай микрокредит берген жағдайда Ломбард:

- 1) аталған жеке тұлғадан осындай микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы емес;
- 2) көрсетілген микрокредиттің берілгені фактісі анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай шараларды қабылдайды:

осындай микрокредит бойынша Қарыз алушы – жеке тұлғаның берешегін толық есептен шығару (кешіру) туралы шешім қабылдайды;

осындай микрокредит бойынша берешекті өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтатады;

осындай микрокредит бойынша ақпарат туралы жазбаларды жою арқылы кредиттік бюролардағы Қарыз алушы – жеке тұлғаның кредиттік тарихына түзетулер енгізеді;

осындай микрокредит бойынша негізгі борыштың, сыйақының және (немесе) тұрақсыздық айыбының бұрын ұсталған (төленген) сомаларын Қарыз алушы – жеке тұлғаға қайтаруды жүзеге асырады.

«Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 4-бабы 14-тармағының бірінші бөлігінде көзделген шаралар Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-2-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген қылмыстық қудалау органдарының процестік құжаттарын алған жағдайда, «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-2-бабының 2-тармағында, 4-бабы 8-тармағының екінші бөлігінде, 4-бабы 10-тармағының бірінші бөлігінде, 4-бабының 11 және 12-тармақтарында көзделген талаптардың кез келгені сақталмай микрокредит берілген жағдайларға қолданылады.

- 12) мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде, микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін Ломбард алған кредиттік есебінде осындай әскери қызметшінің мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы ақпарат болған кезде микрокредиттер беруге тыйым салынады.

Ломбард мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшісіне, микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін Ломбард алған кредиттік есебінде осындай әскери қызметшінің мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы ақпарат болған кезде микрокредит берген жағдайда, Ломбард осындай микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы емес және осындай микрокредиттің берілгені фактісі анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 4-бабының 14-тармағында көзделген шараларды қабылдайды.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы, сондай-ақ олардың запасқа шығарылғаны туралы мәліметтермен алмасу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

«Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-3-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

- 13) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға;
- 14) мөлшері «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-1-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін сомадан жоғары тұтынушылық микрокредит беруге.

8.3. Ломбард міндетті:

- 1) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органды, сондай-ақ Қарыз алушыларды (Өтініш берушілерді) Ломбардтың орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қарыз алушының (Өтініш берушінің) – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және Қарыз алушының (Өтініш берушінің) – заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында тиісті

ақпаратты жариялау жолымен не әрбір Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету жолымен осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге;

- 2) Микрокредиттер беру ережелерінің көшірмесін Қарыз алушының (Өтініш берушінің) көріп танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде интернет-ресурста (бар болса) орналастыруға;
- 3) Өтініш берушіге (Қарыз алушыға) микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беруге;
- 4) Өтініш берушіге микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға;
- 5) шартқа «2-бағдарлама» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін қоса беруге;
- 6) Қарыз алушыны оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы ықтимал салдары туралы хабардар етуге;
- 7) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңына (бұдан әрі – «Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы) сәйкес мәліметтер хабарлауға;
- 8) микрокредит беру құпиясын сақтауға;
- 9) уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін сақтауға;
- 10) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті ұсынуға;
- 11) уәкілетті орган анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын жоюға;
- 12) «Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға;
- 13) кепіл заттың жоғалғаны мен бүлінгені үшін жауаптылықта болуға, егер жоғалу немесе бүліну еңсерілмейтін күштің және форс-мажорлық мән-жайлардың, яғни осы жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын, Ломбардтың кінәсінен болмаған мән-жайлардың, оның ішінде әскери іс-қимылдардың, жаппай тәртіпсіздіктердің, дүлей зілзалалардың, міндеттемелердің талаптарын орындау мүмкін еместігіне әкеп соққан мемлекеттік органдардың әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан болғанын дәлелдемесе;

- 14) Ломбардтың аумағында заттардың сақталуын қамтамасыз ететін және оларға бөгде адамдардың қол жеткізуін болғызбайтын, заттарды сақтауға арналған жағдайлар жасауға;
 - 15) кепіл затты микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн сақтауға;
 - 16) Қарыз алушыға кепіл затының жоғалу не бүліну қаупінің туындағаны туралы дереу хабарлауға;
 - 17) Қарыз алушы Ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындағаннан кейін кепіл билетіне сәйкес кепіл затын дереу қайтаруға;
 - 18) Қарыз алушы Ломбардта бірінші микрокредит беру туралы шартқа қол қойған күннен бастап Қарыз алушының кредиттік дерекнамасын жүргізуге. Кредиттік дерекнамада микрокредит алу үшін қажетті және осы Ережелерде көзделген құжаттар, сондай-ақ мынадай құжаттар мен мәліметтер қамтылады:
 - 1) микрокредит беру туралы шарт;
 - 2) микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдер;
 - 3) тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі («2-бағдарлама» микрокредиттеу бағдарламасы кезінде);
 - 4) сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің нақтыланған мәнінің есептері (бар болса);
 - 5) Ломбард пен Қарыз алушы арасындағы хат алмасу;
 - 6) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің толық немесе ішінара өтелгенін растайтын, микрокредитті өтеу көзін көрсететін құжаттар (немесе олардың көшірмелері) (Қарыз алушы аударған не кепілге салынған мүлікті сатудан түскен ақша);
 - 7) кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімінің алынғанын растайтын ақпарат;
 - 8) кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге кредиттік тарих субъектісінің келісімін алуды растайтын ақпарат
 - 9) № 210 қаулыда көзделген өзге де құжаттар.
 - 19) «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен кредиттік бюроны Қарыз алушыға қатысты кез келген деректердің өзгергені немесе алынғаны туралы хабардар етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларының 6-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес кредиттік бюроға кепіл мүлкі және соттан тыс тәртіппен өткізілуге жататын мүлік туралы мәліметтерді ұсынуға.
- Соттан тыс тәртіппен өткізілуге жататын мүлік туралы мәліметтерді Ломбард кредиттік бюроға сауда-саттық өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей ұсынады.
- 20) шарт бойынша Ломбардтың құқығының (тала ету құқығы) үшінші тұлғаға өту талаптарын қамтитын шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын беру шарты) жасасқан кезде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге:

талап ету құқығын беру шарты жасалғанға дейін – құқықтардың (талап ету) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы, шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен;

құқықтың (талап ету) үшінші тұлғаға өткені туралы – шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, құқықты (талап ету) беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің үшінші тұлғаға тағайындалуын (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жерін), берілген құқықтардың (талап ету) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып;

- 21) микрокредит беру туралы шарт бойынша ақша міндеттемелерін орындау мерзімін өткізіп алу туындағаны туралы Қарыз алушыны микрокредит беру туралы шартта және осы Ережелерде көзделген тәсілмен, мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге.

Көрсетілген хабарламада мыналар камтылуға тиіс:

- 1) хабарламада көрсетілген күнге микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;
- 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;
- 3) Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарын түсіндіру;
- 4) Қарыз алушының «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Ломбардқа жүгіну құқығына нұсқау;
- 5) Ломбардтың қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Хабарлама Қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілген болып есептеледі:

микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

және/немесе микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған жағдайда;

және/немесе микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көрсетілген телефон нөміріне смс-хабарлама жіберу арқылы;

және/немесе хабарлама орналастырылған Ломбардтың интернет-ресурсы бетіне (бар болса) сілтемені көрсете отырып, микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көрсетілген телефон нөміріне смс-хабарлама жіберу арқылы;

және/немесе микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көрсетілген телефон нөміріне телефон қоңырауымен дауыстық хабарлама арқылы;

және/немесе хабарламаны мессенджерлер арқылы жіберу;

жеткізілуін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана арқылы.

Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсырудың мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартқаны туралы белгісімен қайтарылған жағдайда, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге де байланыс құралы пайдаланылған кезде оның қабылданғаны расталмаған жағдайда хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

Хабарламаны жеткізудің көрсетілген тәсілдері қайтаруға тиесілі берешектің мөлшері туралы хабарламаларға, оның ішінде Қарыз алушының ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша хабарламаларға, осы Ережелердің 7-тарауы шеңберінде Өтініш берушілерге, Қарыз алушыларға жіберілетін жауаптарға, өзге де хабарламаларға (анықтамаларға, хабарларға, жауаптарға және т.б.) да қатысты.

22) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Қарыз алушы ұсынған микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарауға және микрокредит беру туралы шартта, сондай-ақ осы Ережелерде көзделген тәсілмен Ломбард қабылдаған мынадай шешімдердің бірі туралы Қарыз алушыға жазбаша хабарлауға:

- 1) Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына енгізуге келісетіні туралы;
- 2) Ломбардтың Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) өзгерістер енгізу туралы қарсы ұсынысы туралы;
- 3) осындай бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып, Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына енгізуден бас тартатыны туралы.

«Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтініші бойынша шешімді Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 4 және 5-тармақтарында белгіленген талаптарды ескере отырып, жеке тұлғалардың микрокредиттерін қайта құрылымдау бойынша кредиттік шешімдер қабылдау жөніндегі Ломбардтың ішкі тәртібіне сәйкес қабылдайды.

Жеке тұлғалардың микрокредиттерін қайта құрылымдау бойынша кредиттік шешімдер қабылдау жөніндегі ішкі қағидаларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

«Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-2-тармағында көзделген жағдайларда Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге міндетті, егер аталған өзгерістерді енгізу туралы ұсыныспен өтінішті Ломбардқа мынадай Қарыз алушылардың кез келгені жіберсе:

- 1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындар;
- 2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен.

Осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген, Қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім, Қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысы, Қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген не атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда қабылданады.

- 23) Қарыз алушыға «2-бағдарлама» микрокредит беру бағдарламасы бойынша берілген микрокредитті қайтаруды жүзеге асыратын микрокредитті өтеу кестесін ұсынуға;
- 24) Ломбард микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген тәртіппен шарттың жақсартатын талаптарын қолданған жағдайда Қарыз алушыны микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптары өзгергені туралы хабардар етуге;
- 25) мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, микрокредит бойынша сыйақы есептемей, мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруды ұсынуға.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы, сондай-ақ олардың запасқа шығарылғаны, микрокредиттің болуы не болмауы, ол бойынша төлемнің кейінге қалдырылғаны туралы мәліметтермен алмасу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

- 26) Қарыз алушы ұсынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 27) микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) қызмет көрсету кезеңінде қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) немесе Кепіл берушінің сұрау салуы бойынша (Заңда көзделген микрокредит беру құпиясын жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып) сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жазбаша нысанда және/немесе Қарыз алушының сұрау салуында көзделген тәсілмен және/немесе Қарыз алушының сұрау салуы жіберілген тәсілмен және/немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілмен Талаптардың 31-тармағында көрсетілген мәліметтерді ұсынуға;
- 28) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) өтініші бойынша микрокредит бойынша берешек толық өтелгеннен кейін өтініш алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз, жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен берешектің жоктығы туралы анықтама беруге.

Егер қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) өтінішінде қосымша мәліметтер және (немесе) ақпарат сұратылса, өтініш Талаптардың 109 және 110-тармақтарында белгіленген мерзімдерде қаралады.

- 29) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) өтініші бойынша Ломбард 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, өтеусіз, айына 1 (бір) реттен жиі емес, қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) шарт бойынша берешекті өтеу есебіне келіп түсетін ақшасының бөлінуі туралы ақпаратты жазбаша нысанда ұсынады. Ақпаратты айына 1 (бір) реттен жиі беру осыған ұқсас талаптармен жүзеге асырылады;
- 30) Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша берілген ақшаны Ломбардқа ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша Ломбард өтеусіз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен қайтаруға тиесілі соманың мөлшерін негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөле отырып оған хабарлайды;
- 31) Қарыз алушыға жеке ақыға қосымша қызмет ұсынған кезде Ломбард шарт жасалғанға дейін:
 - 1) қосымша қызметтің мазмұны мен құны туралы толық және анық ақпарат береді;
 - 2) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) қосымша қызметті алудан бас тарту құқығын түсіндіреді;
 - 3) әрбір қосымша қызметті алуға қаржылық қызметтерді тұтынушының жеке өтінішіне қол қоюмен расталатын, еркін әрі саналы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді;
- 32) микрокредит беру туралы шарттарда (кепіл билетінде), сондай-ақ микрокредиттер бойынша сыйақының шамалары туралы ақпаратты тарату кезінде, оның ішінде оны жариялау кезінде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін көрсетуге;
- 33) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциялық нормативтердің және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы есептілікті ұсынуға;
- 34) жалпы ақпараттандыру шеңберінде Талаптардың 18-тармағында көзделген ақпаратты (онымен шектелмей) ашуға;
- 35) талаптарында сақтандыру шартын жасасу көзделген микрокредит бойынша міндеттемені Қарыз алушы толық мерзімінен бұрын орындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушыны оның осындай сақтандыру шартын бұзуға және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 842-бабы 2-тармағының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен сақтандырудың пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқығы туралы хабардар етуге;
- 36) Қарыз алушының жазбаша өтінішін қарауға және ол бойынша жазбаша шешім дайындауға;
- 37) Қарыз алушының өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарауға;

38) берешекті сырттай қайта қаржыландыру мақсатында микрокредит берген кезде Қарыз алушының қайта қаржыландырылатын банктік қарызды (микрокредитті) берген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банк шотына микрокредит сомасын есепке жатқызуға келісімін алуға және төлемнің тағайындалуында Қарыз алушы туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ банктік қарыз шарттарының (микрокредит беру туралы шарттардың) нөмірлері мен күндерін көрсете отырып, аталған екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банк шотына ақша аударуды жүргізуге;

39) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 7-бабының 2-тармағында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға.

8.4. Өтініш беруші мыналарға құқылы:

- 1) осы Ережелермен, Ломбардтың микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;
- 2) микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат алуға;
- 3) микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасудан бас тартуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8.5. Өтініш беруші міндетті:

- 1) Ломбардқа Заңда және осы Ережелерде айқындалған, микрокредит беру туралы шартты және Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін шарттарды жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

8.6. Қарыз алушы мыналарға құқылы:

- 1) Микрокредиттер беру ережелерімен, Ломбардтың микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;
- 2) алынған микрокредитке микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен билік етуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;
- 4) микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға. Микрокредит сомасын Қарыз алушы белгіленген нысандағы жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтей алады; өтінішті Ломбард Қарыз алушы оны берген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қарайды және бекітеді;
- 5) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер толық не ішінара орындалған кезде Ломбардтан растайтын құжат беруді талап етуге;

- 6) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбысыз (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуге;
- 7) Ломбард Қарыз алушыға «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 1-тармағында көзделген хабарламаны жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбардқа жазбаша нысанда және (немесе) микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген тәсілмен мыналарға қатысты ұсыныспен жүгінуге құқылы:
 1. микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге;
 2. микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша ай сайынғы төлемді кемінде үш ай мерзімге, микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтуға;
 3. негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға;
 4. берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеуге;
 5. микрокредит мерзімін өзгертуге;
 6. микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдардың) күшін жоюға;
 7. кепілге салынған және (немесе) өзге де мүлікті Ломбардқа беру арқылы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуға;
- 8) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген Ломбард шешімін (осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы) алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының бесінші бөлігінде көзделген мерзімде шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге кол жеткізілмеген кезде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге;
- 9) алынатын көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүгінуге;
- 10) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелер толық не ішінара орындалған кезде Ломбардтан растайтын құжат беруді талап етуге;
- 11) алынатын микроқаржылық қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушы (Өтініш беруші) осы Ережелерге және микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына сәйкес Ломбардқа (Ломбардтың орналасқан жері, пошталық, электрондық мекенжайлары және интернет-ресурстары туралы ақпарат (бар болса) микрокредит беру туралы шартта көрсетілген), микроқаржы омбудсманына (пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 53-ғимарат, 3-

қабат, 321-кеңсе, электрондық мекенжайы info@mfombudsman.kz, интернет-ресурсы mfombudsman.kz) немесе сотқа жүгінуге құқылы;

- 12) Ломбард жақсартатын талаптарды қолданған және Қарыз алушыны микрокредит беру туралы шартта, осы Ережелерде көзделген тәртіппен шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар еткен жағдайда Қарыз алушы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Ломбард қолданған жақсартатын талаптардан бас тартуға құқылы. Көрсетілген жағдайда Қарыз алушы өз шешімі туралы хабарлау мақсатында Ломбардтың бөлімшесіне көзделген мерзімде Ломбард қолданған жақсартатын талаптардан бас тарту туралы жазбаша өтініш ұсынады.

Ломбардтың микрокредит бойынша ай сайынғы төлемдерді ұлғайтпай микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды және (немесе) бөліп төлеуді ұсыну талаптарында шарт жасасуы «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 4-бабы 4-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес Қарыз алушы үшін осы жақсартатын талапты ұсынуға Қарыз алушының келісімі деп танылады.

- 13) өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, өтеусіз, айына бір реттен жиі емес, шарт бойынша берешекті өтеу есебіне келіп түсетін ақшаның негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөлінуі туралы ақпаратты жазбаша нысанда алуға;
- 14) шарт бойынша берілген ақшаны Ломбардқа ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша өтеусіз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөле отырып, жазбаша нысанда алуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8.7. Қарыз алушы міндетті:

- 1) алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны микрокредит беру туралы шартта көзделген мерзімдерде және тәртіппен төлеуге;
- 2) Заңға және осы Ережелерге сәйкес микрокредит беру үшін Ломбард сұратқан құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ микрокредит беруге арналған өтінішті толтыру үшін қажетті анық мәліметтерді ұсынуға;
- 3) микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу кезінде Ломбардқа шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға беруге;
- 4) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін Ломбардқа микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) және осы Ережелерде көзделген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге;
- 5) микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде кредиттік дерекнаманы қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттаманы және ақпаратты ұсынуға;

- 6) Қарыз алушының мәліметтері: тұрғылықты (тіркелген) мекенжайы, жұмыс орны, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттарының деректері, телефон нөмірі өзгерген кезде, сондай-ақ Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелерді орындауына әсер етуі мүмкін мән-жайлар туындаған кезде күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей Ломбардқа осы мән-жайлар туралы жазбаша хабарлауға;
- 7) Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасаса отырып, өзінің шартқа қол қою үшін барлық құқықтары бар екеніне және толық әрекет қабілеттілігіне кепілдік береді. Қарыз алушы әрекетке қабілетті тұлға бола отырып, микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) барлық талаптарымен танысқанын, шарттың барлық ережелері оған түсінікті екенін және оның шарттың талаптарына қатысты жаңылыспағанын растайды. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптары, оның ішінде сыйақының, микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының мөлшері өзіне қолайлы екенін және өзі үшін өте тиімсіз болып табылмайтынын растайды. Қарыз алушы өз әрекеттерінің мәнін толық түсінетінін мойындайды, микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарымен келіседі және оның талаптарын қабылдайды. Сондай-ақ Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту ықпалымен және өзі үшін өте тиімсіз талаптармен ауыр жағдайлардың тоғысуы салдарынан жасалмағанын растайды. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) қол қойылған кезде өзінің жауапкер ретінде сот талқылауларына тартылмағанына кепілдік береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарында, микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

9. МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫ (ӨТІНІШ БЕРУШІ, ҚАРЫЗ АЛУШЫ) ҮШІН МИКРОКРЕДИТТІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Микрокредиттер беруге байланысты қаржылық өнімдерді ұсыну талаптары:

Ломбард микрокредиттерді «1-бағдарлама», «2-бағдарлама» микрокредиттеу бағдарламалары бойынша береді (микрокредит беру туралы шарттар жасасады (кепіл билеттері) жасасады).

9.1.1. Ломбард қаржылық өнімдерді (бекітілген микрокредиттеу бағдарламаларына сәйкес микрокредиттерді) ұсынған кезде олардың талаптарының қаржылық қызметтерді тұтынушылар (Өтініш берушілер, Қарыз алушылар) үшін ықтимал салдарын бағалайды.

Мұндай бағалау кезінде, оның ішінде, мыналар ескеріледі:

- қаржылық өнімнің талаптары қолданылған кезде қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) қаржылық міндеттемелері едәуір ұлғаю ықтималдығы;
- қаржылық қызметтерді тұтынушыларға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) залал келтіру тәуекелдерін куәландыратын шағымдар, өтініштер туралы мәліметтер және өзге де деректер.

Ломбард қаржылық өнімдерді ұсынған кезде (микрокредиттер берген кезде) жауапты микрокредит беру тәсілдерін қолданады.

9.1.2. «100 АЕК-тен аспайтын», «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламаларының талаптары:

9.1.2.1. Микрокредит беру туралы өтінішті Ломбардқа төменде санамаланған барлық талаптарға сай келетін Өтініш беруші бере алады:

- Қазақстан Республикасының азаматтығы бар адам не Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (микрокредит беру туралы өтініш берген күннен бастап кемінде 1 (бір) жыл қолданылу мерзімі бар тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы);
- микрокредит беру туралы өтініш берген сәтте 18 жастан кіші емес адам;
- микрокредит беру туралы өтініш берген сәтте __-__ жасқа толмаған адам.

9.1.2.2. Төменде санамаланған негіздердің кез келгені болған жағдайда, Ломбард Өтініш беруші берген микрокредит беру туралы өтінішті қанағаттандырудан және микрокредит беруден бас тартуға құқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматы не Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы болып табылмайтын тұлға (микрокредит беру туралы өтініш берген күннен бастап 1 (бір) жылдан аз қолданылу мерзімі бар тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы);
- микрокредит беру туралы өтініш берген сәтте жасы 18-ге толмаған тұлға;
- микрокредит беру туралы өтініш берген сәтте __ жасқа толған тұлға;
- микрокредит беруге арналған өтініште анық емес немесе толық емес ақпарат ұсынған, қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе толық көлемде ұсынбаған тұлға;
- тұлғаға қатысты оның беделі мен қаржылық жағдайы туралы теріс ақпарат алынғанда;
- бұдан бұрын берілген микрокредит бойынша берешегі бар тұлға;
- микрокредит беру туралы өтініш берген кезде алкогольдік немесе есірткілік мас күйде болған тұлға;
- өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлға;
- Өтініш беруші микрокредит беру туралы өтініш берген күнге сол тұлғаға қатысты үшінші тұлғалар сотқа берген талап арыздар бар;
- міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын кепіл заты осы Ережелерде белгіленген кепілге қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

9.1.3. Микрокредит беру туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартылған кезде Ломбардтың менеджері бұл фактіні өтініште тіркейді. Микрокредит беру өтініш осы Ережелерде көзделген тәртіппен қанағаттандырылған кезде Ломбард Қарыз алушымен микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасасады.

Микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу үшін Ломбард Қарыз алушының микрокредит беру туралы өтінішін қанағаттандырғаннан кейін өз қалауы бойынша қосымша құжаттар мен ақпарат ұсынуды сұратуы мүмкін.

9.1.4. Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қарыз алушы (Өтініш беруші) Ломбардқа осы Ережелердің 5-тарауында көзделген кепіл затын кепілге беруге міндетті.

9.1.5. «100 АЕК-тен аспайтын» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті):

Күнтізбелік 30 (отыз) күннен күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге жасалады.

Микрокредит сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1 (бір еселенген) -ден 100 (жүз еселенген)-ге дейінгі мөлшерді құрайды.

«100 АЕК-тен аспайтын» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесі мынаны құрайды:

– республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде – күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан аз, бірақ 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспайды.

Тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартатын талаптармен күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі.

Шарттың қолданылу мерзімі қолданыстағы немесе жақсартатын талаптармен ұзартылған кезде микрокредитті өтеу мерзімі микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) қосымша келісімде көзделеді.

Қарыз алушының шарт бойынша барлық төлемдері, оның ішінде шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы, микрокредит нысанасын қоспағанда, микрокредит беру туралы шарттың қолданылуының бүкіл кезеңі ішінде жиынтығында берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы Қарыз алушы мен Ломбард арасында жасалатын микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көрсетіледі. Тұрақсыздық айыбы микрокредитті өтеу мерзімі өткен бірінші күннен бастап берешек толық өтелгенге дейін мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есептеледі. Тұрақсыздық айыбын төлеген кезде Қарыз алушы микрокредит сомасын және микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақыны қайтару жөніндегі міндеттемеден босатылмайды.

Қарыз алушының «100 АЕК-тен аспайтын» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша барлық төлемдері, оның ішінде микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы, микрокредит нысанасын қоспағанда, шарттың қолданылуының бүкіл кезеңі ішінде жиынтығында берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

9.1.6. «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті):

Күнтізбелік 30 (отыз) күннен 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге жасалады.

Микрокредит сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайды.

Әрбір жасалатын шартта жылдық сыйақы мөлшерлемесінің және сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері 46 (қырық алты) пайыздан аспайды.

Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзған жағдайда есептелетін тұрақсыздық айыбының мөлшері Ломбардтың шешімімен бекітіледі. Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы мерзімі өткен тоқсан күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан, бірақ микрокредит беру туралы шарттың қолданылуының әрбір жылы үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

Тұрақсыздық айыбының мөлшері Қарыз алушы мен Ломбард арасында жасалатын микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көрсетіледі. Тұрақсыздық айыбы микрокредитті өтеу мерзімі өткен бірінші күннен бастап берешек толық өтелгенге дейін мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есептеледі. Тұрақсыздық айыбын төлеген кезде Қарыз алушы микрокредит сомасын және микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақыны қайтару жөніндегі міндеттемеден босатылмайды.

9.1.7. Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге ұсынылатын және Қарыз алушыға меншік құқығымен тиесілі кепіл заты Қарыз алушының міндетті түрде ұсынуымен жасалады.

Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт Ломбардтың кепіл билетін беруімен ресімделеді және Кепіл берушінің кепіл затын соттан тыс өткізуге келісімін қамтиды.

9.1.8. Қарыз алушыдан Ломбардқа түсетін ақша микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындауға мынадай кезектілікпен жіберіледі:

- 1) Ломбардтың орындауды алу жөніндегі шығыстары;
- 2) микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы;
- 3) сыйақы;
- 4) микрокредит сомасы.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қозғалған атқарушылық іс жүргізу тәртібімен түсетін ақша Қарыз алушының борышкер ретінде Ломбард алдындағы міндеттемелерін орындауға қолданыстағы заңнамада көзделген кезектілікпен жіберіледі.

9.2. Қаржылық қызметтерді тұтынушы үшін микрокредиттің жарамдылығын бағалауды жүргізу тәртібі.

9.2.1. Талаптардың 11-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушылар (Өтініш берушілер, Қарыз алушылар) үшін қаржылық өнімнің (микрокредиттеу бағдарламасының) жарамдылық өлшемшарттарын және қаржылық өнім

ұсынылғанға дейін оның қаржылық қызметтерді тұтынушы үшін жарамдылығын бағалауды жүргізуді айқындайды.

Қаржылық өнімнің жарамдылығын бағалау:

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғалардың микрокредиттері бойынша жүргізіледі.

9.2.2. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредитті жеке тұлғаға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) бергенге дейін Ломбард Талаптарға сәйкес қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) үшін микрокредиттің жарамдылығын бағалауды жүргізеді.

Микрокредиттің жарамдылығын бағалауды жүргізу шеңберінде Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) төлем қабілеттілігін талдауды; микрокредит берудің қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) қолда бар банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша міндеттемелерді орындау қабілетіне әсерін бағалауды; кредиттік, мінез-құлықтық тәуекелдің не алаяқтық тәуекелінің жоғары екені белгілерінің болуын бағалауды жүзеге асырады.

Ломбардқа қатысты борыштық жүктеме деңгейін есептеу шеңберінде «Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысы қолданылмайды.

9.2.3. Микрокредит жарамсыз деп танылған жағдайда Ломбард мыналарды жүзеге асырмайды:

- 1) мұндай микрокредитті қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) ұсынуды;
- 2) микрокредит беруге өтінімді мақұлдауды;
- 3) қолданыстағы микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша кредиттік лимитті ұлғайтуды.

9.2.4. Микрокредиттің жарамдылығын бағалауды жүргізу мақсатында Ломбард мыналар туралы ақпаратты (мәліметтерді) сұратады (алады) және талдайды:

- 1) микрокредит алудың мақсаты;
- 2) микрокредитті пайдаланудың болжамды тәсілі;
- 3) осы Ережелердің 9.2.2-тармағының үшінші абзацын ескере отырып, қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) борыштық жүктемесінің деңгейі;
- 4) мінез-құлықтық және басқа да факторлар.

Ломбард бұл ақпаратты (мәліметтерді), соның ішінде Өтініш берушінің, Қарыз алушының несиелік есебін талдау (ол ұсынылған жағдайда), Өтініш берушінің, Қарыз алушының

мәліметтер ұсынуы (соның ішінде микрокредит беру туралы өтініш берген кезде ұсынылған мәліметтер) арқылы ала алады.

Микрокредиттің жарамдылығын бағалау кезінде Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) микрокредит алуға байланысты туындайтын барлық шығыстарын, оның ішінде қосымша қызметтерге арналған шығыстарды, егер мұндай қызметтер микрокредит алудың міндетті шарты болып табылса, оны алу процесінің ажырамас бөлігі ретінде ұсынылса не қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) үшін болмай қоймайтын болса, ескереді.

9.2.5. Ломбард микрокредиттің жарамдылығын бағалау кезінде пайдаланылатын ақпараттың анықтығы мен толықтығын тексеру үшін қолжетімді көздерді пайдаланады. Микрокредиттің жарамдылығын бағалау Өтініш берушінің, Қарыз алушының кредиттік тарихының деректеріне ғана негізделмейді (бар болса).

9.2.6. Кредиттік, мінез-құлықтық тәуекелдің немесе алаяқтық тәуекелінің жоғары екені белгілері болған кезде Ломбард өзіне қолжетімді ақпарат көздерін пайдалана отырып, қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) ұсынған мәліметтерді қосымша тексеруді жүзеге асырады.

9.2.7. Шартқа қарыздың (микрокредиттің) жарамдылығын бағалау нәтижесі қоса беріледі.

10. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ (КЕПІЛ БИЛЕТІН) ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

10.1. Өтініш беруші Ломбардқа жүгінген кезде Ломбардтың менеджері Өтініш берушіге микрокредиттеу бағдарламалары, микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билеті) қатысты толық және анық ақпарат бере отырып, оған консультация жүргізеді, атап айтқанда:

- микрокредиттеу бағдарламаларының талаптары туралы;
- микрокредит беру тәртібі туралы;
- микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптары туралы;
- микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы, оның ішінде микрокредит сомасын, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын төлеу тәртібі мен талаптары туралы;
- Өтініш берушінің, Қарыз алушының, Кепіл берушінің, Ломбардтың құқықтары мен міндеттері туралы;
- микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауаптылығы туралы;
- микрокредит беру құпиясына кепілдік беру туралы;
- микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге және кепіл затына (кепілсалымға) қойылатын талаптар туралы;
- сондай-ақ микрокредиттеу тәртібі мен талаптары туралы өзге де, оның ішінде Өтініш берушіні қызықтыратын мәліметтер.

10.2. Ломбард микрокредиттер беру шеңберінде Өтініш берушімен өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай талаптарды сақтауға міндетті:

- 1) Өтініш берушіге микрокредиттің талаптары туралы, оның ішінде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері туралы, және микрокредит алуға байланысты тәуекелдер туралы, оның ішінде өтініш беруші микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы анық және толық ақпарат беру;
- 2) Өтініш берушінің қаржылық жағдайы туралы ақпарат негізінде оның несие қабілеттілігін (төлем қабілеттілігін) бағалауды жүргізу;
- 3) «Кредиттік бюролар туралы...» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюроға ақпарат беру;
- 4) микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеген немесе толық мерзімінен бұрын өтеген жағдайда Қарыз алушының микрокредитті пайдаланған күндерінің нақты саны үшін ғана сыйақы есептеу;
- 5) теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді және төлемдерді кез келген валюталық немесе өзге де баламаға байланыстыра отырып индекстеуге жол бермеу;
- 6) жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптары өзгерген және (немесе) жеке тұлғаның микрокредитін өтеу мақсатында жаңа микрокредит берілген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жиынтықталған) мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға), комиссияларға және микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерге сыйақы есептеуге жол бермеу.

10.3. Шарт жасалғанға дейін консультация беру кезінде Ломбардтың қызметкерлері осы Ережелердің 14-тарауында (Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы ереже) көзделген ақпаратты ауызша түсіндіреді.

Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалғанға дейін Ломбард Қарыз алушыға (Өтініш берушіге) микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат береді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғамен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалған жағдайда, Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес Өтініш берушіге, Қарыз алушыға «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес мынадай өтеу әдістерімен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады:

сараланған төлемдер әдісімен, бұл кезде микрокредит бойынша берешекті өтеу әрбір есеп айырысу кезеңінде негізгі борыштың мөлшері бойынша тең үлесін және негізгі борыштың қалдығына тиісті есеп айырысу кезеңі үшін есептелген сыйақыны қамтитын азаятын төлемдермен жүзеге асырылады;

аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл кезде микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде негізгі борыштың бір бөлігін және негізгі борыштың қалдығына тиісті есеп айырысу кезеңі үшін есептелген сыйақыны қамтитын тең төлемдермен

жүзеге асырылады, бұл ретте көрсетілген бөліктердің арақатынасы есеп айырысу кезеңінің ұзақтығына қарай айқындалады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан өзгеше болуы мүмкін.

Ломбард «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша Микрокредиттер беру ережелеріне және микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.

«100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредитті өтеу кестесінің қосымша жобасы осы Ережелерге сәйкес төлемдердің қосымша (біржолғы) әдісімен есептеледі; бұл кезде микрокредит пен сыйақының толық сомасын қамтитын микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредитті өтеу мерзімінде бір біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

Микрокредит бойынша сыйақыны есептеу кезінде мынаған тең уақытша базасы пайдаланылады: жылына 365 (үш жүз алпыс бес) немесе 366 (үш жүз алпыс алты) күн және айдағы нақты күндер саны, не 363 күн, өйткені Ломбард 1 және 2 қаңтарда кепіл билеттерінің ешқайсысы бойынша сыйақы мен өсімпұл есептемейді.

Ломбард Өтініш берушіге, Қарыз алушыға беретін және өтеу кестесінің болуын көздейтін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу кезінде, сондай-ақ осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларды қолдану кезінде Ломбард, Талаптарға 3-қосымшада айқындалған тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелерін және уақытша базаларды пайдаланады.

10.4. «100 АЕК-тен аспайтын» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредитті өтеудің мынадай әдісі пайдаланылады – төлемдердің қосымша (біржолғы) әдісі, бұл кезде микрокредит пен сыйақының толық сомасын қамтитын микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредитті өтеу мерзімінде бір біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

10.5. Ломбард микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалғанға дейін Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы ықтимал салдары туралы хабардар етуге міндетті.

10.6. Микрокредит алуға жүгінген кезде Өтініш беруші өзінің әрекет қабілеттілігінен айырылмағанын және оның шектелмегенін, қорғаншылықта, қамқоршылықта және патронатта тұрмайтынын ауызша растайды.

10.7. Өтініш беруші нақты микрокредиттеу бағдарламасына мүдделілік білдірген кезде Ломбардтың қызметкері Өтініш берушіге микрокредит беру туралы өтініш беру үшін қажетті құжаттардың тізбесін және ақпаратты ұсынады, сондай-ақ микрокредит беру туралы өтінішті толтыру үшін қажетті ақпаратты сұратады.

10.8. Өтініш берушіден микрокредит беру туралы өтінішті толтыру үшін жеткілікті қажетті ақпарат пен құжаттарды алғаннан кейін Ломбардтың менеджері деректерді микрокредит беру туралы өтінішке электрондық түрде енгізеді және оны басып шығарады.

10.9. Микрокредит алу үшін Өтініш беруші Ломбардқа мыналарды береді:

- микрокредит беру туралы өтінішті;

- Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты – жеке куәлікті немесе паспортты не шетел азаматының тұруға ықтиярхатын (Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірін, туған күнін, туған жерін, құжаттың нөмірін, берген органын, берілген күнін және қолданылу мерзімін қамтитын ақпаратты);
- осы Ережелерде айқындалған және Өтініш берушінің микрокредиттеу бағдарламасын таңдауына байланысты өзге де құжаттарды.

10.10. Микрокредит беру туралы өтінішке қол қоя отырып, Өтініш беруші осы Ережелермен танысқанын және олармен келісетінін растайды.

10.11. Микрокредит беру туралы өтінішке қол қоя отырып, Өтініш беруші Ломбардка өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді; ол деректерді Өтініш беруші еркін, дербес және өз мүддесінде Ломбардтың менеджеріне ауызша және/немесе жазбаша нысанда береді.

10.12. Қызметкер Өтініш берушіге микрокредит беру туралы өтінішті және Өтініш беруші ұсынған құжаттарды тексеру микрокредиттің міндетті түрде мақұлдануын көздемейтіні және микрокредит беру туралы шешімді Ломбард Өтініш беруші ұсынған, оның төлем қабілеттілігі мен кредит қабілеттілігі туралы мәліметтерді тексеру және бағалау нәтижелері негізінде қабылдайтыны туралы хабарлайды.

10.13. Ломбардтың қызметкері микрокредит беру туралы өтінішті қарауға қабылдауы, сондай-ақ Өтініш берушінің ықтимал шығыстары (микрокредит беру туралы өтініш беру үшін қажетті құжаттарды, оның ішінде құжаттардың көшірмелерін ресімдеуге және т.б.) Ломбардтың микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасасуы, микрокредит беру немесе Өтініш беруші шеккен шығыстарды өтеу міндеттемелеріне әкеп соқпайды.

Ломбард қызметкерінің кепіл затын (кепілсалымды) қарау, бағалау және Өтініш берушіге (Кепіл берушіге) кеңес беру жөніндегі әрекеттері Өтініш берушінің (Кепіл берушінің) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасасуды және микрокредит беруді талап етуі үшін негіз болып табылмайды.

10.14. Ломбард микрокредит беру туралы өтінішті және өзге де құжаттарды тексеруді жүргізеді. Өтініш беруші туралы деректер негізінде Ломбард Өтініш беруші ұсынатын мүлікті (кепіл затты) бағалауды жүргізеді, микрокредиттің барынша ықтимал сомасы, микрокредитті өтеу мерзімі (қайтару мерзімі) есептеледі.

10.15. Құжаттарды тексеру және талдау нәтижелері бойынша микрокредитті қайтармаудың ең төменгі қолайлы тәуекелі бар өтініштер мақұлданады.

10.16. Ломбард қолданыстағы заңнамаға сәйкес Өтініш беруші хабарлайтын кез келген ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады.

10.17. Ломбардтың қызметкері Өтініш беруші бекітілген микрокредиттеу бағдарламалары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынуға ниеттенген кепіл затын қарауды жүргізеді.

Ломбард Өтініш берушінің микрокредит беру туралы өтінішін мақұлдаған кезде микрокредиттің сомасы мен өтеу мерзімі (қайтару мерзімі) айқындалады. Ломбардтың қызметкері тексерудің нәтижесін Өтініш берушіге хабарлайды.

10.18. Ломбард осы Ережелердің 6.1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде микрокредит беру туралы өтінішті қанағаттандыру туралы не осы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

10.19. Микрокредит беру туралы өтініш мақұлданған жағдайда Ломбардтың қызметкері Өтініш берушіге микрокредиттің белгіленген сомасын және өтеу мерзімін (қайтару мерзімін) хабарлайды, олар Өтініш беруші сұратқан сомамен және мерзіммен сәйкес келмеуі мүмкін. Өтініш беруші микрокредиттің талаптарымен келіскен кезде Өтініш беруші микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу үшін кепіл затын ұсынуға міндетті.

Микрокредит беру туралы өтініш мақұлданғаннан кейін «100 АЕК-тен аспайтын», «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламалары бойынша микрокредит беру туралы шартты жасасу мерзімі 30 (отыз) күнді құрайды.

10.20. Өтініш берушіге, Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін Ломбард кредиттік есепте қамтылған ақпаратты мынадай мәліметтердің болуы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады:

- 1) оның микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілегені туралы;
- 2) мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы;
- 3) бұрын алынған банктік қарыздар және (немесе) микрокредиттер туралы.

10.21. Өтініш берушінің кредиттік есебінде Талаптардың 54-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат болған жағдайда Ломбард микрокредит беруден бас тартпауға құқылы.

Жеке тұлғаның кредиттік есебінде Талаптардың 54-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ақпарат болған жағдайда Ломбард микрокредит беруден бас тартады.

10.22. Ломбард Өтініш берушіге микрокредит беру туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда Өтініш беруші кейіннен Ломбардқа микрокредит беру туралы өтінішпен қайта жүгінуге құқылы.

Микрокредит беруден бас тарту себептері:

- Өтініш беруші осы Ережелерде қойылатын талаптарға сәйкес келмейді;
- Өтініш беруші осы Ережелерде көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынбаған;
- кепіл заты осы Ережелерде қойылатын талаптарға сәйкес келмейді;
- «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – «Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы) көзделген жағдайларда;
- жеке тұлғаның мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы ақпарат болған кезде;
- өзге де негіздер.

10.23. Жеке тұлға (Өтініш беруші, Қарыз алушы) кредиттік бюрода немесе «электрондық үкімет» веб-порталында, немесе «электрондық үкімет» шлюзінде орналастырылған сервистермен интеграцияланған Ломбардтың ақпараттандыру объектілерін пайдалана

отырып, жеке тұлғаның микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуын тегін белгілеуге немесе оның күшін жоюға құқылы.

10.24. Өтініш берушімен, Қарыз алушымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалғанға дейін Ломбардтың қызметкері Өтініш берушіге, Қарыз алушыға жазбаша нысанда мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Талаптардың 47-тармағында көзделген талаптар ескеріле отырып жасалған негізгі ақпараттық құжатты;
- 2) шарттың (кепіл билетінің) жобасын – қаржылық қызметтерді тұтынушының қалауы бойынша.

Өтініш берушінің, Қарыз алушының көрсетілген құжаттармен танысқаны оның қол қоюымен расталады.

10.25. Негізгі ақпараттық құжат Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

10.26. Талаптардың 46-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген құжат микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) бөлігі болып табылады және тегін жазбаша нысанда не цифрлық объектілерде қолжетімділік беріле отырып ұсынылады.

10.27. Микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу тәртібі, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен – Талаптармен және осы Ережелермен бекітіледі.

10.28. Ломбард өтінішті қанағаттандыру туралы шешім қабылдағаннан кейін Өтініш беруші/Қарыз алушы осы Ережелердің 10.19-тармағына сәйкес қабылданған шешім туралы хабардар етіледі.

Кепіл билеті ҚР АҚ-нің 389-бабына сәйкес қосылу шарттарымен жасалады (кепіл билеті); оған Қарыз алушы өз қолымен қол қояды, бір данасы Қарыз алушыға беріледі.

Қарыз алушының ҚР АҚ-нің 389-бабына сәйкес қосылу туралы өтінішке (кепіл билетіне) қол қоюы қолданыстағы заңнамаға сәйкес кепіл билетінің (микрокредит беру туралы шарттың) жазбаша нысаны деп танылады.

Ломбард Қарыз алушыға микрокредит сомасын Ломбардтың бөлімшелерінде қолма-қол ақша беру арқылы не Қарыз алушының таңдауы бойынша банк шотына аудару арқылы береді.

10.29. Ломбард пен Қарыз алушы арасында жасалған микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша ақпарат «Кредиттік бюролар туралы...» ҚР Заңында айқындалған талаптармен мемлекет қатысатын кредиттік бюроларға беріледі.

10.30. Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) тиісті түрдегі шарттар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды, тараптардың келісімі бойынша айқындалған талаптарды, сондай-ақ мынадай тізбеге сәйкес міндетті талаптарды қамтиды:

- 1) шарттың жалпы талаптары;
- 2) Қарыз алушының құқықтары;

- 3) Ломбардтың құқықтары;
- 4) Ломбардтың міндеттері;
- 5) Ломбард үшін шектеулер;
- 6) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауаптылығы;
- 7) шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі;
- 8) Ломбард шарт бойынша құқықты (талап ету) үшінші тұлғаға берген кезде микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) шеңберінде Ломбардтың Қарыз алушымен өзара қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талап.

Ломбард Қарыз алушымен жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға қою арқылы күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жасасқан микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) жалпы талаптары («100 АЕК-тен аспайтын» микрокредиттеу бағдарламасы) Талаптардың 2-тармағында көрсетілген талаптардан басқа, бағдарлама бойынша мынадай талаптарды қамтиды:

- 1) микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауға тиіс;
- 2) Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша барлық төлемдері, оның ішінде микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы, микрокредит нысанасын қоспағанда, микрокредит беру туралы шарттың қолданылуының бүкіл кезеңі ішінде жиынтығында берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс;
- 3) тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартатын талаптармен күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі.

Шарттың жалпы талаптары мыналарды қамтиды:

- 1) шарттың жасалған күні;
- 2) Ломбардтың атауын және Қарыз алушының (қоса қарыз алушының) – жеке тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (ол болған кезде) немесе Қарыз алушының (қоса қарыз алушының) – заңды тұлғаның атауын;
- 3) Қарыз алушы ұсынған өтінішке сәйкес келетін микрокредиттің нысаналы мақсатын.

Микрокредитті беру мақсаты шарттың талаптары бойынша мерзімі бір айдан аспайтын микрокредит беру туралы шартта, сондай-ақ кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісімде көрсетілмейді;

- 4) микрокредиттің сомасын (микрокредит нысанасын), кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім үшін – микрокредиттің жалпы сомасын (микрокредит нысанасын), микрокредит бойынша артық төлем сомасын, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтерді (бар болса); бұл ретте микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредит нысанасы) туралы ақпарат шарттың бірінші бетінде көрсетіледі;
- 5) микрокредитті өтеу мерзімін, кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім үшін – шарттың жалпы мерзімін;
- 6) шарт жасалған күнге сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен көрсетілген мөлшерін, сондай-ақ «Қарыздар мен салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде (нақты құнын) есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 44 қаулысына сәйкес анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін;
- 7) микрокредит беру тәсілін. Микрокредит берешекті сырттай қайта қаржыландыру мақсатына берілген жағдайда, микрокредит сомасының қайта қаржыландырылатын банктік қарыз (микрокредит) берілген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банк шотының нөмірі көрсетіле отырып, микрокредит сомасы осы банктің (микроқаржы ұйымының) банк шотына аударылатыны көрсетіледі;
- 8) микрокредитті өтеу тәсілін: біржолғы не бөліктермен (қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз тәртіппен), өтеу тәртібін (касса арқылы, банк шотына, қашықтағы терминал арқылы және тараптардың келісімі бойынша өзге де тәсілдермен) және негізгі борыш пен сыйақыны өтеудің кезеңділігін – микроқаржы ұйымының банк шотының деректемелерін көрсете отырып;
- 9) микрокредитті өтеу әдісін: аннуитеттік (тең төлемдермен өтеу), сараланған (негізгі борышты тең үлестермен өтеу) не Ломбардтың ішкі құжаттарына сәйкес басқа әдіс;
- 10) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігін;
- 11) негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі мен мөлшерін. Жеке тұлғаға – Өтініш берушіге, Қарыз алушыға микрокредит берген кезде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) шекті мөлшері, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 6-бабының 3-тармағында көзделген оны есептеу тәртібі көрсетіледі;
- 12) қамтамасыз етуді (түрі: кепіл, кепілдік, кепілгерлік және шартта көзделген басқа да тәсілдер), қамтамасыз етусіз берілетін микрокредитті қоспағанда;
- 13) Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шараларды;
- 14) шарттың қолданылу мерзімін;
- 15) Қарыз алушының (қоса қарыз алушының) ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге және кредиттік бюроның ұйымға ол туралы кредиттік есепті беруіне, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты беруге келісімінің бар екені туралы нұсқауды;

16) Ломбардтың пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректерді (бар болса);

17) Қарыз алушы – жеке тұлғаның тіркелген жерінің не тұрғылықты жерінің мекенжайын.

10.31. Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген.

10.32. Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) Ломбард пен Қарыз алушы арасында жазбаша нысанда, қазақ және орыс тілдерінде, қажет болған жағдайларда басқа тілдерге аудармасы қоса беріліп, ал шетелдік тұлғалармен микрокредит беру туралы шарт жасалған кезде – қазақ тілінде және тараптар үшін қолайлы тілде жасалады.

Шартта Ломбардтың ішкі құжаттарына және шарттың қолданылу мерзімі ішінде біржақты тәртіппен өзгеруі мүмкін әрі Қарыз алушының танысуы үшін қолжетімсіз құжаттарға сілтемелер көрсетуге жол берілмейді.

Шарттың мәтіні А4 форматындағы парақтарда, өлшемі кемінде он екі «Times New Roman» қарпімен, кәдімгі әріпаралық және бір жоларалық интервалдармен, абзац шегіністері қолданыла отырып басылады.

10.33. Микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) қарыздың жарамдылығын бағалау нәтижесі;
- 2) негізгі ақпараттық құжат;
- 3) титул парағы.

Титул парағы шарттың бастапқы парақтары түрінде жазылады және Талаптардың 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 11) тармақшаларында, сондай-ақ 4-тармағының 9) тармақшасында көзделген талаптарды көрсетілген реттілікте қамтиды. Бұл ретте Талаптардың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген талап шарттың бірінші бетінде жазылады.

10.34. Талаптардың 2-тармағының 10), 12), 13) және 14) тармақшаларында және 4-тармағының 10) тармақшасында көзделген талаптар микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) титул парағынан кейін көрсетілген реттілікте жазылады.

10.35. «100 АЕК-тен жоғары» бағдарлама бойынша микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның тараптары қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

Микрокредит берілген күнге жасалған микрокредитті өтеу кестесі Ломбард ұсынған микрокредитті өтеу әдістерінің тізбесін де қамтиды; онда қарыз алушының (қоса қарыз алушының) таңдалған әдіс туралы белгісі қойылады.

Тараптардың келісімі бойынша Ломбард осы Ережелерге сәйкес микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынады; олар микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын сараланған және аннуитеттік төлемдер әдістерімен есептеу кезінде қолданылатын кезеңділікпен есептеледі.

10.36. Ломбард Қарыз алушымен «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) Ережелерде айқындалған микрокредитті өтеу әдісін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес Микрокредит беру туралы шарттың стандартты нысанына қосылу талаптарында жасасады.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес қосылу талаптарында шарт жасалған кезде Қарыз алушыға ұсынылатын шарттың бөлігі (қосылу туралы өтініш) Талаптардың 11-тармағы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ Талаптардың 12-тармағында көзделген, микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) тиісті реттілікте көрсетілетін талаптарды қамтиды.

Бұл ретте қосылу туралы өтініш шарттың титул парағына теңестіріледі.

Қосылу туралы өтініш пен Микрокредит беру туралы шарттың стандартты нысаны тек бірыңғай құжат ретінде қаралады және микрокредит беру туралы шарт болып табылады.

Қарыз алушы қосылу туралы өтініштің талаптары Ломбардтың бөлімшелеріндегі ақпараттық стенділерде, Ломбардтың ресми интернет-ресурсында (бар болса) мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылған Микрокредит беру туралы шарттың стандартты нысанында айқындалған микрокредит беру туралы шарттың бөлігі болып табылатынын растайды.

Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін), оның ішінде қосылу туралы өтінішті өзі таңдаған тілде – мемлекеттік (қазақ) тілде, орыс тілінде, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасасуға құқылы.

10.37. Егер Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша жүзеге асыруға міндетті төлемді төлеу мерзімі демалыс не мереке күніне түссе, мұндай төлем тұрақсыздық айыбы төленбей, осындай күннен кейінгі жұмыс күні жүзеге асырылуға тиіс.

10.38. Микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) барлық өзгерістер немесе толықтырулар осы Ережелердің және микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына сәйкес ресімделеді.

Ломбард микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы емес, Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда.

Қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:

- 1) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлдарды) азайту жағына қарай өзгерту немесе оның толық күшін жою;
- 2) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту;
- 3) микрокредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, оның ішінде мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күнді қамтитын кезеңге, және (немесе) бөліп төлеу.

Тараптар микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарын жақсарту деп қосымша мыналарды таниды: ай сайынғы төлемдерді азайта отырып, микрокредитті өтеуді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу, сондай-ақ микрокредит бойынша ай сайынғы төлемдерді ұлғайтпай кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу.

10.39. Қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) өтініші бойынша микрокредит бойынша берешек толық өтелгеннен кейін Ломбард өтініш алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз, жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген тәсілмен берешектің жоқтығы туралы анықтама береді. Егер қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) өтінішінде қосымша мәліметтер және (немесе) ақпарат сұратылса, өтініш Талаптардың 109 және 110-тармақтарында белгіленген мерзімдерде қаралады.

10.40. Қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) өтініші бойынша Ломбард 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, өтеусіз, айына 1 (бір) реттен жиі емес, қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) шарт бойынша берешекті өтеу есебіне келіп түсетін ақшасының бөлінуі туралы ақпаратты жазбаша нысанда ұсынады. Ақпаратты айына 1 (бір) реттен жиі беру осыған ұқсас талаптармен жүзеге асырылады.

10.41. Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша берілген ақшаны Ломбардқа ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша Ломбард өтеусіз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда және/немесе Қарыз алушының өтінішінде көзделген тәсілмен және/немесе Қарыз алушының өтініші жіберілген тәсілмен және/немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілмен оған қайтаруға тиесілі соманың мөлшерін хабарлайды.

10.42. Талаптардың 31, 32, 33 және 34-тармақтарында көзделген мәліметтер негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы көрсетіле отырып ұсынылады.

10.43. Ломбардтың Қарыз алушылардың (Өтініш берушілердің) өтініштерін қарауы Ломбардтың клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы құжаттарына және осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

10.44. Егер өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен өтінішті Ломбардқа «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-1-тармағында көрсетілген Қарыз алушылар жіберсе, Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге міндетті.

Ломбардтың микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) өзгерістер енгізуі «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-2-тармағында көзделген талаптар болған кезде жүзеге асырылады.

10.45. Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушыны – жеке тұлғаны (Өтініш берушіні, Қарыз алушыны) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес және тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында жасалған микрокредит беру туралы шарттан (кепіл билетінен) бас тарту құқығын іске асыруда шектемейді.

Микрокредит беру туралы шарттан (кепіл билетінен) бас тартқан кезде қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлға (Өтініш беруші, Қарыз алушы) микрокредит сомасын қайтарады және микрокредит берілген күннен бастап оны қайтарған күнге дейінгі кезең үшін

есептелген сыйақыны төлейді. Микрокредит беру туралы шарттан (кепіл билетінен) бас тартқан кезде және Өтініш беруші, Қарыз алушы жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаған кезде шарт бұзылды деп танылады.

Талаптарға 5-қосымшаның 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қарыз алушы шарт бойынша берілген микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық қайтаруға құқылы. Микрокредитті мерзімінен бұрын өтеген кезде сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланған күндердің нақты саны үшін жүргізіледі. Микрокредит толық мерзімінен бұрын өтелген жағдайда шарт бұзылды деп танылады.

10.46. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам бұзған кезде Ломбард микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.

11. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

11.1. Микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету деп кредиттік тәуекелді барынша азайтуға бағытталған әрі берілген микрокредиттің қайтарылуына және сыйақының төленуіне кепілдік беретін талаптар мен тәсілдердің жиынтығы болып танылады.

11.2. Қамтамасыз етуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңына және осы Ережелерге сәйкес белгіленеді.

11.3. Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелерін орындау мынадай тәсілдермен қамтамасыз етілуі мүмкін:

- 1) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде, бір жылға дейінгі мерзімге жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілсалымға қою, жеке пайдалануға арналған көлік құралын кепілге қою;
- 2) Қарыз алушының микрокредит сомасын қайтару және (немесе) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін микрокредиттеу бағдарламасына қарай осы Ережелерде және микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) айқындалған мөлшерде Ломбардқа төлейтін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) ҚР заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен.

11.4. Кепіл заттың түрі, нысаны және құны тараптардың келісімі бойынша айқындалады, бірақ Ломбардтың ішкі құжаттарында және осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

11.5. Қамтамасыз ету негізгі борыштың, сыйақының және ықтимал тұрақсыздық айыптарының сомасын жабу үшін жеткілікті болуға тиіс.

11.6. Кепіл заты Қарыз алушыға меншік құқығымен тиесілі және үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбаған мүлік бола алады. Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы Ережелердің 5-тарауында көзделген.

11.7. Некеде сатып алынған мүлікті кепілге қабылдаған кезде мүлікті кепілге беруге жұбайының (зайыбының) нотариаттық түрде куәландырған келісімі талап етіледі.

12. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУ ЖӘНЕ ӨТЕУ ТӘРТІБІ

12.1. Ломбард тараптар микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) қол қойғаннан кейін Қарыз алушыға микрокредитті қолма-қол ақшамен немесе Қарыз алушының есеп шотына ақша аудару жолымен беріледі.

12.2. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы Ломбардқа сыйақы төлейді. Сыйақы мөлшерлемелері әрбір микрокредиттеу бағдарламасы үшін жеке бекітіледі және осы Ережелерде жазылған.

12.3. Қарыз алушы микрокредитті қайтаруға және сыйақыны Ломбардқа микрокредит беру туралы шартта көрсетілген мерзімде қолма-қол тәсілмен – Ломбардтың бөлімшелеріндегі Ломбардтың кассасына ақша салу жолымен не қолма-қол ақшасыз тәсілмен – микрокредит беру туралы шартта көрсетілген Ломбардтың банк шотына ақша есепке жатқызу жолымен төлеуге міндеттенеді.

12.4. Сыйақыны есептеу «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушы микрокредитті, сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (берешегі болған кезде) қайтару жөніндегі, сондай-ақ микрокредитті және есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын қайтару жөніндегі міндеттемені толық орындаған күннен кейінгі күннен бастап тоқтатылады.

12.5. Қарыз алушыдан түсетін ақша оның Ломбард алдындағы міндеттемелерін орындауға микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) және осы Ережелерде белгіленген кезектілікпен жіберіледі.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қозғалған атқарушылық іс жүргізу тәртібімен түсетін ақша Қарыз алушының борышкер ретінде Ломбард алдындағы міндеттемелерін орындауға қолданыстағы заңнамада көзделген кезектілікпен жіберіледі.

12.6. «100 АЕК-тен аспайтын» микрокредиттеу бағдарламасы бойынша микрокредит сомасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі микрокредитті өтеу мерзімі тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шартта және осы Ережелерде көрсетілген талаптармен ұзартылуы мүмкін.

Тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартатын талаптармен күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі.

13. ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТІ ЖОҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТӘРТІБІ

13.1. Ломбард микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша ақша міндеттемелерін орындау мерзімін өткізіп алу туындағаны туралы Қарыз алушыны микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) және осы Ережелерде көзделген тәсілмен, мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

Көрсетілген хабарламада мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) хабарламада көрсетілген күнге микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;
- 2) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;
- 3) Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарын түсіндіру;
- 4) Қарыз алушының «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Ломбардқа жүгіну құқығына нұсқау;
- 5) Ломбардтың қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда Ломбард Қарыз алушыны «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабында көзделген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етеді. Қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) шартта көрсетілген не оның Ломбардқа микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен хабарлаған, тұрғылықты жері (орналасқан жері) бойынша жіберілетін, қабылданған міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешектің бар екені туралы хабарлама Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда ресімделеді. SMS-хабарлама, push-хабарландыру немесе мобильдік қосымша (бар болса) арқылы жіберілетін хабарламада «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген ақпарат, сондай-ақ Талаптарға 7-қосымшада көзделген, Ломбардтың интернет-ресурсында және (немесе) мобильдік қосымшасында (бар болса) орналастырылған ақпаратқа сілтеме көрсетіледі.

13.2. Ломбард Қарыз алушыға «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 1-тармағында көзделген хабарламаны жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы Ломбардқа жазбаша нысанда және (немесе) микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген тәсілмен, оның ішінде шартта көрсетілген заңды мекенжай бойынша Ломбардқа келуге және (немесе) Ломбардтың электрондық поштасына жүгінуге құқылы – мыналарға қатысты ұсыныспен:

- 1) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту;
- 2) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша ай сайынғы төлемді кемінде үш ай мерзімге микрокредит беру туралы шартта белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайту;
- 3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру;

- 4) берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеу;
- 5) микрокредит мерзімін өзгерту;
- 6) микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдардың) күшін жою;
- 7) кепілге салынған және (немесе) өзге де мүлікті Ломбардқа беру арқылы микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсыну.

Қарыз алушының көрсетілген өтінішінде микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алудың себептері, Қарыз алушының ағымдағы кірістері туралы мәліметтер, Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен жүгінуін негіздейтін өзге де мән-жайлар қамтылуға тиіс.

Микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына өзгерістерді қарау тәртібі, Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ Ломбардтың Қарыз алушылардың микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерін қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

13.3. Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Қарыз алушы ұсынған микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарауға және Ломбард қабылдаған мынадай шешімдердің бірі туралы Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен жазбаша хабарлауға міндетті:

- 1) Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына енгізуге келісетіні туралы;
- 2) Ломбардтың Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартқа (кепіл билетіне) өзгерістер енгізу туралы қарсы ұсынысы туралы;
- 3) осындай бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып, Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) талаптарына енгізуден бас тартатыны туралы.

Ломбардтың Қарыз алушымен бірнеше шарты болған кезде өтінішті қарау және шешім қабылдау әрбір шарт бойынша жеке жүзеге асырылады.

13.4. «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтініші бойынша шешімді Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 4 және 5-тармақтарында белгіленген талаптарды ескере отырып, жеке тұлғалардың (Қарыз алушылардың) микрокредиттерін қайта құрылымдау бойынша кредиттік шешімдер қабылдау жөніндегі Ломбардтың ішкі тәртібіне сәйкес қабылдайды.

Жеке тұлғалардың (Қарыз алушылардың) микрокредиттерін қайта құрылымдау бойынша кредиттік шешімдер қабылдау жөніндегі ішкі қағидаларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

13.5. Ломбард «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-2-тармағында көзделген жағдайларда «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген микрокредит беру туралы шарттың талаптарына шарт бойынша комиссиялар және (немесе) өзге де төлемдер төлеуді талап етпей, кемінде үш ай мерзімге өзгерістер енгізуге міндетті, егер аталған өзгерістерді енгізу туралы ұсыныспен өтінішті Ломбардқа мынадай Қарыз алушылардың кез келгені жіберсе:

- 1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындар;
- 2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен.

Ломбардтың «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-1-тармағында көрсетілген микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізуі мынадай талаптардың кез келгені болған кезде жүзеге асырылады:

- 1) Қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысы, аталған Қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендесе;
- 2) Қарыз алушы Ломбардқа жүгінген сәтте мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алса.

13.6. «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтінішін карау кезеңінде Ломбард микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

13.7. Ломбард пен Қарыз алушы арасында шарттың талаптарын өзгерту туралы келісімге қол жеткізілген кезде мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі Ломбард тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды. Көрсетілген мерзім Ломбардқа байланысты емес себептер бойынша өзгерістер енгізуге кедергі келтіретін жағдайларда қолданылмайды және олар жойылғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

13.8. Ломбард шарттың талаптарын өзгерту жөнінде қарсы ұсыныстар жіберген жағдайда Қарыз алушының жауап беру мерзімі Ломбардтың хатында көрсетіледі және Қарыз алушы Ломбардтың тиісті шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

13.9. Қарыз алушы «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген Ломбардтың шешімін алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбард пен Қарыз алушы арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеуі микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту деп есептеледі. Көрсетілген мерзім екі тараптың келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

13.10. «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 1-тармағының екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-

2-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз алушы мен Ломбард арасында микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда Ломбард құқылы:

- 1) Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға.

Шаралар қолдану туралы шешім қабылдау осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады;

- 2) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге.

Берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге, Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған кезде Ломбардтың коллекторлық агенттікті тартуға құқығы микрокредит беру туралы шартта көзделген жағдайда жол беріледі.

Ломбард берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта, осы Ережелерде көзделген тәсілмен, коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, борышкерлермен байланысуға арналған коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып хабарлайды;

- 3) осы микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) және қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, қарыз алушының ақша міндеттемесін орындау мерзімін өткізіп алуықатарынан күнтізбелік тоқсан күннен астам болған кезде микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап ету) тұлғаға беруге құқылы.

Осы тармақшаның ережелері Қарыз алушыға қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімі қолданылатын жағдайларға қолданылмайды;

- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге, сондай-ақ кепілге салынған мүлікке «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға құқылы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз алушыны – жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге құқылы.

13.11. Ломбардқа берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу жөніндегі, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау жөніндегі қызметтерді үшінші тұлғалардан алуға тыйым салынады, мұндай қызметтерді Ломбардқа коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания көрсететін жағдайларды қоспағанда

13.12. Ломбардтың берешегі тұрғын үй болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген жеке тұлғаға қатысты коллекторлық агенттікпен берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау туралы шарт жасасуына жол берілмейді.

13.13. Берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейінгі өндіріп алуда және реттеуде болған кезеңде Ломбардтың құқығы жоқ:

сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінуге;

берешек коллекторлық агенттіктің жұмысында болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеуге.

13.14. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар:

- кепіл затын сауда-саттық өткізбестен өткізу;
- кепіл затын сауда-саттық өткізу арқылы соттан тыс тәртіппен өткізу, сондай-ақ сауда-саттық өтпеді деп жарияланған жағдайда кепіл затын өз меншігіне айналдыру;
- микрокредит пен сыйақы сомасын төлеуді ауызша/жазбаша тәртіппен талап ету (кепіл заты жоғалған жағдайда);
- микрокредит беру туралы шартта көзделген мөлшерде тұрақсыздық айыбын есептеу;
- «микроқаржылық қызмет туралы» заңнаманың талаптары сақталған кезде шарт бойынша құқықты (талап ету) Қарыз алушының келісімінсіз үшінші тұлғаға беруді жүзеге асыру;
- сотқа талап қоюмен жүгінуге;
- кепілге салынған мүлікке соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуды қолдану;
- берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге коллекторлық агенттікке беру;
- атқарушылық жазба жасауға өтініш беру.

13.15. Ломбардтың мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) шарт (кепіл билеті) шеңберінде Ломбардпен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы мынадай талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады:

- 1) жеке өзара іс-қимылға жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде Қарыз алушының тұрғылықты жері, орналасқан жері немесе тіркелген жері бойынша не Ломбардтың үй-жайында
 - аптасына үш реттен артық емес және жұмыс күні бір реттен артық емес жол беріледі, егер өзге уақыт, кезеңділік немесе күн (демалыс және (немесе) мерекелік) қызметтерді тұтынушы Қарыз алушымен келісілмесе;
- 2) Ломбардтың бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесуге жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде үш реттен артық емес және демалыс әрі мереке күндері сағат 9.00-ден 19.00-ге дейінгі кезеңде екі реттен артық емес жол беріледі;
- 3) әрбір өзара іс-қимыл кезінде Ломбардтың қызметкері мыналарды хабарлайды:

Ломбардтың атауын және оның орналасқан жерін;

өзінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) және лауазымын;

берешектің құрылымын, шартта көзделген негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдығын;

қарыз алушының шартта, «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңында көзделген жауаптылығы мен өзге де міндеттемелері, сондай-ақ микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдары туралы.

Өзара іс-қимыл кезінде мыналарға шектеулер сақталады:

өзара іс-қимылды осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделмеген тәсілдермен және кезеңдерде жүзеге асыруға;

шарт шеңберінде Ломбардпен міндеттемелермен байланысты емес үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасауға, мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өтеу үшін Қарыз алушының орналасқан жерін және (немесе) байланыс деректерін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген тәсілдермен және кезеңде анықтау жағдайларын, сондай-ақ Ломбардтың атауы, оның орналасқан жері, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы хабарланатын жағдайларды қоспағанда;

мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыға және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға шынайы емес тегін және (немесе) атын және (немесе) әкесінің атын (ол болған кезде), сондай-ақ Ломбард қызметкерінің жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді хабарлауға;

мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыны және (немесе) оның өкілін және (немесе) шарт шеңберінде Ломбардпен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыруға;

өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға не осы адамның мүдделеріне мүлтік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария етуге.

13.16. Ломбардтың мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы Ломбардтың телефон нөмірлерінен және (немесе) Ломбардқа тиесілі деп сәйкестендірілетін әрі Қарыз алушының, сондай-ақ уәкілетті органның назарына жеткізілген өзге де байланыс құралдарынан ғана жүзеге асырылады. Телефон нөмірлері өзгерген жағдайда Ломбард уәкілетті органды осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей жазбаша немесе электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы хабардар етеді.

13.17. Мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл аудио- және (немесе) бейнетехника құралдары пайдаланыла отырып, міндетті аудиотіркеумен тіркелуге жатады. Мұндай өзара іс-қимылдардың жазбалары тиісті өзара іс-қимыл жасалған күннен бастап кемінде үш ай сақталады.

13.18. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген мерзімде микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндетті орындамаған кезде Ломбард жеңілдікті кезең өткеннен кейін өз қалауы бойынша («100 АЕК-тен аспайтын», «100 АЕК-тен жоғары» микрокредиттеу бағдарламалары бойынша кепіл (кепіл) нысанасына өндіріп алуды қолдану рәсімдері):

– кепіл затын сауда-саттық өткізбестен өткізуге;

– кепіл затын сауда-саттық өткізу арқылы соттан тыс тәртіппен өткізуге, сондай-ақ сауда-саттық өтпеді деп жарияланған жағдайда кепіл затын өз меншігіне айналдыруға құқылы.

Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде Қарыз алушыға міндеттеме, оның ішінде микрокредитті өтеу мерзімін ұзарту жөніндегі міндеттеме орындалмаған күннен кейінгі күннен бастап кемінде 1 (бір) ай жеңілдік кезеңі берілуі мүмкін; осы кезең ішінде Ломбард Ережелердің осы тармағының бірінші абзацына сәйкес кепіл затын сауда-саттық өткізбестен өткізуді не кепіл затын соттан тыс тәртіппен өткізуді жүзеге асырмайды.

13.19. Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт (кепіл билеті) кепіл затының өткізілуіне немесе мұндай мүліктің Кепіл ұстаушының меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

Кепілге салынған мүлік өткізілген кезде, сондай-ақ мұндай мүлік Кепіл ұстаушының меншігіне өткен кезде Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарттың (кепіл билетінің) тоқтатылуымен бір мезгілде Кепіл беруші болып табылатын Қарыз алушының міндеттемесі және микрокредит беру туралы шарт тоқтатылады.

13.20. Микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) орындалуын қамтамасыз ету үшін жасалған Ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт (кепіл билеті) бойынша кепіл затын өткізу, сондай-ақ мұндай мүліктің Кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өтуі микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін 1 (бір) айдан ерте емес, сауда-саттық өткізбестен жүзеге асырылуы мүмкін.

13.21. Кепіл затын өткізу (сауда-саттық өткізу жолымен және сауда-саттық өткізбестен) Ломбардтың сауда-саттық өткізу тәртібін, кепіл затын меншікке айналдыруды айқындайтын ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

14. КЛИЕНТТЕРМЕН (ӨТІНІШ БЕРУШІЛЕРМЕН, ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРМЕН) ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

14.1. Ломбардтың Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың өтініштерін қарауы Талаптарда және осы Ережелердің 7-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

14.2. Ломбард микрокредиттер беру жөніндегі өз қызметін мыналарды қамтитын адал мінез-құлық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады:

- 1) адалдық – қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) мүддесінде, олардың сеніміне қиянат жасамай қызметті жүзеге асыру;
- 2) болжамды залалға жол бермеу – қаржылық өнімдерді (микрокредиттеу бағдарламаларын) әзірлеу, сату және оларға қызмет көрсету кезіндегі ықтимал тәуекелдерді бағалауға сүйене отырып, қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) үшін залалдарды және өзге де қолайсыз салдарларды болғызбау жөнінде шаралар қабылдау;

- 3) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) мақсаттарын (қажеттіліктерін) және қаржылық жағдайын ескере отырып, қаржылық өнімдерді (микрокредиттеу бағдарламаларын) ұсыну;
- 4) қаржылық өнім (микрокредиттеу бағдарламасы) туралы ақпаратты Талаптарға сәйкес, қаржылық қызметтерді тұтынушыға – Өтініш берушіге, Қарыз алушыға сатып алынатын қаржылық өнімді (микрокредитті) оның талаптарын, құнын, тәуекелдерін және осындай қаржылық өнімді сатып алудың салдарын ескере отырып саналы түрде тандауға мүмкіндік беретін нысанда ашу;
- 5) әділ және тең қарым-қатынас – қаржылық қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету және олардың өтініштерін қарау кезінде кемсітушіліктің, негізсіз шектеулердің және ішкі рәсімдер бұзыла отырып қабылданатын шешімдердің болмауы;
- 6) мүдделер қақтығысын анықтау, болғызбау және реттеу;
- 7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, негізгі қаржылық өнімді алу талаптарын нашарлатпай, қосымша қызметтерді тек ерікті негізде ұсыну;
- 8) мүгедектігі бар адамдарды және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын қоса алғанда, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың ақпаратқа және қаржылық өнімдерге тең қол жеткізуі;
- 9) Ломбардтың қаржылық қызметтерді тұтынушымен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) өзара іс-қимылының барлық кезеңдерінде осы тармақта көрсетілген қағидаттардың сақталуы үшін жауаптылықты өзіне қабылдауы.

14.3. Микрокредиттер беру кезінде адал мінез-құлық қағидаттарын іске асыру мақсатында Ломбард жауапты микрокредит беру тәсілдерін қолданады.

Жауапты микрокредит беру деп Ломбардтың қаржылық қызметтерді тұтынушыға – жеке тұлғаға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) оның төлем қабілеттілігін және борыштық жүктемесін, сондай-ақ микрокредит алудың мақсаттарын (қажеттіліктерін) ескере отырып, шамадан тыс берешекті болғызбау және қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) залал келтіру тәуекелін төмендету мақсатында микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруы түсініледі. Жауапты микрокредит беру Ломбардтың мынадай микрокредиттердің берілуін болғызбауға бағытталған шаралар қабылдауын қамтиды:

- 1) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) мақсаттарына (қажеттіліктеріне) сәйкес келмейтін;
- 2) оның төлем қабілеттілігіне және төлем қабілеттілігінің деңгейіне жауап бермейтін;
- 3) қаржылық қызметтерді тұтынушыда (Өтініш берушіде, Қарыз алушыда) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде елеулі қаржылық қиындықтардың туындауына әкеп соғатын.

Ломбард жауапты микрокредит беруді жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) жарамдылық қағидаты – микрокредит қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) мақсаттарына (қажеттіліктеріне), қаржылық жағдайына және мүмкіндіктеріне сәйкес келеді;
- 2) залалдарды болғызбау қағидаты – микрокредит беру туралы шешім қабылдау сәтіндегі қаржылық қызметтерді тұтынушының төлем қабілеттілігі мен борыштық жүктемесін бағалау нәтижелері бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде онда елеулі қаржылық қиындықтардың туындауына жоғары ықтималдықпен әкеп соғатын микрокредиттердің берілуіне жол бермеу;
- 3) жеке бағалау қағидаты – бағалау қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) жеке мән-жайлары, оның ішінде кірістерінің, міндеттемелерінің деңгейі, оның әлеуметтік мәртебесі мен отбасылық жағдайы туралы мәліметтер ескеріле отырып жүзеге асырылады;
- 4) дәлелденушілік қағидаты – Ломбард микрокредит беру туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланылған мәліметтерді және микрокредиттің жарамдылығын бағалау нәтижелерін құжаттандыруды қамтамасыз етеді.

14.4. Ломбард кеңес беру және микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу кезінде Өтініш берушіге, Қарыз алушыға қолданыстағы заңнамада көзделген микрокредиттеу бағдарламасы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Микрокредиттер (микрокредиттеу бағдарламалары) туралы ақпаратты ашуды Ломбард бөлімшелерде, Ломбардтың мобильдік қосымшасында (ол болған кезде) ақпаратты орналастыру, микрокредит ұсынуға байланысты жарнаманы тарату, сондай-ақ Ломбардтың қызметкерлері (уәкілетті агенттер, олар болған кезде) қаржылық қызметтерді тұтынушыларға (Өтініш берушілерге, Қарыз алушыларға) кеңес беру жолымен жүзеге асырады.

14.5. Жалпы ақпараттандыру шеңберінде мыналар ашылады, бұлармен шектелмейді:

- 1) Ломбардтың толық атауы, ал Ломбард тауар белгісін (брендін) пайдаланған кезде – осындай тауар белгісі туралы ақпарат та;
- 2) байланыс ақпараты, оның ішінде Ломбард бөлімшелерінің орналасқан жері, телефоны, электрондық поштасы;
- 3) микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның бар екені туралы мәліметтер;
- 4) сыйақы мөлшерлемесі анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде (бұдан әрі – ЖТСМ) көрсетілген микрокредиттердің тізбесі, сондай-ақ қаржылық өнім (микрокредиттеу бағдарламасы) арналған қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) нысаналы тобы туралы ақпарат;
- 5) жеке және заңды тұлғаларға микрокредиттер бойынша көрсетілетін қызметтер үшін сыйақы мөлшерлемелері мен тарифтер, – қолданыстағы сыйақы мөлшерлемелері мен тарифтердің бекітілген және оларға өзгерістер енгізілген күндері туралы мәліметтерді, ішкі құжаттардың нөмірлерін және оларды бекіткен (қабылдаған) органды көрсете отырып.

14.6. Ломбардтың интернет-ресурсында (бар болса) Талаптардың 18-тармағында көзделген ақпарат, сондай-ақ мынадай ақпарат шектелмей орналастырылады:

- 1) микрокредиттер беру ережелері;
- 2) уәкілетті агенттердің тізілімі (олар болған кезде);
- 3) өтініш беруге арналған нысан, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) микроқаржылық қызмет мәселелері бойынша тегін жүгіну мүмкіндігі туралы ақпарат;
- 4) «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес ұсынылатын, қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) – жеке тұлғаның шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішінің нысаны;
- 5) микроқаржы омбудсманы қызметінің байланыс деректері.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген нысандар қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қабылдауға және қарауға арналған бөлімде, сондай-ақ Ломбардтың мобильдік қосымшасында (ол болған кезде) орналастырылады.

14.7. Ломбард өзінің интернет-ресурсында (бар болса) қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) мыналарды анықтауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған есептеу құралдарын (калькуляторларды) орналастырады:

- 1) өтеудің сараланған және аннуитеттік әдістерін, сондай-ақ Ломбардтың ішкі құжаттарында көзделген өзге де өтеу әдістерін пайдалана отырып, микрокредит бойынша төлемдердің мөлшерін және төлемдердің жалпы сомасын;
- 2) қаржылық өнімге байланысты барлық төлемдерді ескере отырып, ЖТСМ-нің қорытынды мәнін.

Калькуляторлар пайдаланыла отырып қалыптастырылатын ақпарат анықтамалық сипатта болады, бұл туралы Ломбардтың интернет-ресурсында (бар болса) тиісті нұсқау жасалады.

14.8. Ақпаратты ашу қаржылық қызметтерді тұтынушымен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) өзара іс-қимылдың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады:

- 1) шарт жасалғанға дейін;
- 2) шарт жасалған сәтте;
- 3) шарттың қолданылу мерзімі ішінде.

14.9. Микрокредиттер туралы ақпарат қаржылық қызметтерді тұтынушыға – клиентке (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) ауызша, жазбаша нысанда не оның сақталуын және микрокредит беру туралы шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде өзгеріссіз түрде жаңғыртылу мүмкіндігін қамтамасыз ететін нысанда тегін беріледі.

14.10. Клиентпен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) жұмыс істеу кезінде Ломбард мынадай талаптарға сай келетін анық ақпаратты ұсынуға міндетті:

- 1) айқын және түрліше түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтиды, артық заңдық және техникалық тұжырымдар пайдаланылмай баяндалады;
- 2) Ломбард ұсынатын қызметтің мәнін, оның елеулі талаптарын және онымен байланысты тәуекелдерді ашатын терминдер мен анықтамаларды қамтиды;

- 3) карама-қайшы (екіұшты) не жаңылыстыратын мәліметтерді қамтымайды;
- 4) қаріптің ыңғайлы өлшемі, интервалдар, сондай-ақ қажет болған кезде кестелер, графиктер мен мысалдар пайдаланыла отырып, көзбен қабылдауға қолжетімді және оқылатын нысанда ресімделеді;
- 5) сенім білдірілген тұлға арқылы ақпарат алу мүмкіндігін қоса алғанда, мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімді нысандарда ұсынылады;
- 6) негізгі талаптарды, құнын (қарыз алушылардан – белгіленетін және өндіріп алынатын сыйақы мөлшерлемелерін, комиссияларды және өзге де төлемдерді), сондай-ақ микрокредитпен байланысты тәуекелдерді бөліп көрсету қамтамасыз етіле отырып баяндалады және құрылымдалады; бұл олардың мәтінде немесе визуалды ресімдеуде жасырылуын болғызбайды.

14.11. Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына микрокредиттер туралы ақпаратты ашу олардың қажеттіліктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады және аталған адамдардың назарына Талаптардың 4-тарауында көзделген ақпараттан басқа, мыналар туралы ақпаратты жеткізуді қамтиды:

- 1) қызмет көрсетудің қолжетімді тәсілдері;
- 2) мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін бейімделген Ломбард бөлімшелерінің және өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының бар екені және орналасқан жері, олардың жұмыс режимі, сондай-ақ Ломбард осындай бөлімшелерде ұсынатын қызметтердің тізбесі;
- 3) құжаттар мен мәліметтерді алудың қолжетімді форматтары;
- 4) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) не оның сенім білдірілген тұлғасының өтініші бойынша хабардар етудің және қызмет көрсетудің жекелеген тәсілдерін ажырату мүмкіндігі, сондай-ақ осындай өтінішті беру тәртібі;
- 5) цифрлық объектілерді пайдалана отырып микроқаржылық қызметтер көрсету кезінде шектеулер (оның ішінде операциялардың түрлері және (немесе) сомалары бойынша) белгілеу мүмкіндігі және оларды белгілеу тәртібі, өзгерту не күшін жою;
- 6) операцияларды сенім білдірілген тұлғаның қосымша растау сервистері (мұндай сервис болған кезде), оны қосу және ажырату талаптары, растауға жататын операциялардың тізбесі, сондай-ақ растау мерзімдері;
- 7) денсаулығына байланысты шектеулер болған кезде құжаттарға қол қоюдың және қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) ерік білдіруін ресімдеудің қолжетімді тәсілдері;
- 8) Ломбард қызметкерінің кеңесін алу тәртібі, оның ішінде тек қана дауыстық ақпараттандырудың автоматтандырылған жүйесімен өзара іс-қимыл жасаудың орнына қызметкерге жүгіну мүмкіндігі.

14.12. Клиентпен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) жұмыс істеу кезінде микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалғанға дейін кеңес беру кезінде Ломбардтың қызметкерлері мыналарды ауызша түсіндіреді:

- 1) микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) елеулі талаптарын, оның ішінде мөлшерлемелер туралы ақпаратты, тараптардың құқықтары мен міндеттерін;
- 2) микрокредитке байланысты тәуекелдерді, міндеттемелерді орындамаудың салдарын;
- 3) қоса қарыз алушының, кепіл берушінің, кепілдік берушінің, кепілгердің және шарттың тарабы болып табылатын өзге де тұлғаның жауаптылығын;
- 4) қосымша қызметтердің талаптарын және олардан бас тарту құқығын, қосымша қызметті алуға байланысты жасалатын шарттардың талаптарын, оның ішінде қосымша шығыстардың бар екені туралы мәліметтерді;
- 5) микрокредитті өтеу әдістерінің айырмашылығын – әртүрлі әдістермен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын жазбаша түрде не Ломбардтың цифрлық объектілері арқылы ұсына отырып, сондай-ақ қосымша қызметтер ескеріле отырып және ескерілмей есептелген ЖТСМ есебін;
- 6) қызметтер көрсету мерзімдерін.

Кеңес беретін Ломбардтың қызметкері (уәкілетті агент, ол болған кезде) қосымша қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) өзінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) хабарлайды, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушыда (Өтініш берушіде, Қарыз алушыда) туындаған мәселелер бойынша өзге де түсіндірмелер береді.

14.13. Кеңес беру кезінде жосықсыз практикаларға, оның ішінде анық емес немесе жаңылыстыратын ақпарат беруге, микрокредитпен байланысты елеулі талаптар мен тәуекелдерді жасыруға, түсіндіруді қосымша қызметтерді таңумен ауыстыруға жол берілмейді.

14.14. Шарт жасалған сәтте клиенттермен жұмыс істеу кезінде Ломбардтың қызметкерлері (уәкілетті агенттер, олар болған кезде) қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) мыналарды түсіндіреді:

- 1) микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттерін;
- 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау құқығын;
- 3) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) бастамасы бойынша микрокредиттен бас тарту не шартты бұзу құқығын, сондай-ақ осындай бас тартуға немесе бұзуға байланысты ықтимал шығыстарды;
- 4) шартты мерзімінен бұрын тоқтатудың негіздері мен тәртібін;
- 5) өтініштерді беру тәртібін, оларды Ломбардтың қарау мерзімдерін, сондай-ақ микроқаржы омбудсманына жүгіну құқығын.

Ломбардтың қызметкерлері қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билетінің) ережелерімен танысу үшін қажетті уақыт береді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) микрокредит алуға немесе қосымша қызметке келісімін алдын ала белгіленген өрістерді пайдалану жолымен алуға жол берілмейді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғамен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) кәсіпкерлік қызметке байланысты емес микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалған сәтте Ломбардтың қызметкері (уәкілетті агент, ол болған кезде) микрокредитті өтеу кестесінің ұсынылуын қамтамасыз етеді; ол мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) микрокредиттің сомасын;
- 2) микрокредиттің мерзімін;
- 3) сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен көрсетілген мөлшерін;
- 4) микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшерін (пайызбен);
- 5) микрокредитті өтеу әдісін: микрокредиттер беру ережелеріне сәйкес есептелген сараланған, аннуитеттік немесе микрокредитті өтеудің өзге де әдісін;
- 6) микрокредит бойынша негізгі борыш пен есептелген сыйақының сомасын өтеу есебіне төлемдердің саны мен кезеңділігін (күнін);
- 7) төлемнің мөлшерін – оны негізгі борышқа және есептелген сыйақыға бөле отырып;
- 8) микрокредит бойынша төлемдердің қорытынды мөлшерін – оларды негізгі борышқа және есептелген сыйақыға бөле отырып.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімге, сондай-ақ микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын шартқа қолданылмайды.

14.15. Микрокредит беру туралы шартқа қызмет көрсету кезеңінде Ломбард қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) немесе Кепіл берушінің сұрау салуы бойынша (Заңда көзделген микрокредит беру құпиясын жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып) сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жазбаша нысанда және/немесе Қарыз алушының сұрау салуында көзделген тәсілмен және/немесе Қарыз алушының сұрау салуы жіберілген тәсілмен және/немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілмен мыналар туралы мәліметтерді ұсынады:

- 1) Ломбардқа төленген ақшаның сомасы туралы;
- 2) мерзімі өткен берешектің мөлшері туралы (бар болса);
- 3) борыштың қалдығы туралы;
- 4) кезекті төлемдердің мөлшерлері мен мерзімдері туралы;
- 5) кредиттеу лимиті туралы (бар болса).

14.16. Ломбард клиентпен жұмыс шеңберінде Қарыз алушыға – клиенттің микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу есебіне келіп түсетін ақшасының бөлінуі туралы ақпаратты, берешектің жоқтығы туралы анықтаманы, қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді Талаптардың 32, 33, 35-тармақтарында, сондай-ақ Ломбардтың міндеттерін реттейтін осы Ережелердің талаптарында (Ережелердің 8-тарауының 8.3-тармағы) көзделген мерзімдерде және тәртіппен ұсынады.

14.17. Ломбардтың мерзімі өткен берешегі бар қаржылық қызметтерді тұтынушымен (Қарыз алушымен) және (немесе) оның өкілімен және (немесе) шарт шеңберінде ұйыммен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы Талаптардың 8-тарауының, осы Ережелердің 9-тарауының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

14.18. Осы Ережелердің 14.20-тармағында көзделген жосықсыз практикалар Ломбардтың және (немесе) оның қызметкерлерінің (уәкілетті агенттердің немесе серіктестік келісімдер шеңберіндегі үшінші тұлғалардың, олар болған кезде) микрокредиттер беру жөніндегі қаржылық қызметтер көрсету кезінде адал мінез-құлық қағидаттарын бұзуымен байланысты әрекеттері (әрекетсіздігі) ретінде қаралады.

14.19. Микрокредиттер беру жөніндегі қызметтерді көрсету және клиенттермен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) жұмыс істеу кезінде Ломбард жосықсыз практикалардың белгілерін анықтау және оларды болғызбау мен жою үшін қажетті түзету шараларын қабылдау мақсатында қаржылық қызметтерді тұтынушылармен (Өтініш берушілермен, Қарыз алушылармен) өзара іс-қимыл жасайтын өз қызметкерлерінің қызметіне тұрақты мониторингті қамтамасыз етеді.

14.20. Жосықсыз практикаларға Ломбардтың, оның қызметкерлерінің мынадан көрінетін әрекеттері (әрекетсіздігі) жатады:

- 1) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) құқықтарына нұқсан келтіретін және өз мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дағдыларына сәйкес мәміленің нысанасына қатысы жоқ қосымша талаптар немесе шарттар белгілей отырып, микрокредит беру;
- 2) деректерді қасақана бұрмалау;
- 3) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) қолданыстағы міндеттемелерін борыштық жүктеме коэффициентін есептеуден алып тастау;
- 4) белгіленген реттеушілік талаптарға тек формальды сәйкестік мақсатында микрокредиттің сомасын және (немесе) мерзімін кейіннен өзгерту;
- 5) микрокредиттің елеулі талаптары туралы ақпаратты, оның ішінде оның нақты құнын, қолданылатын мөлшерлемелерді жасыру, бұрмалау, оның ішінде:

микрокредит туралы бұрыс ақпаратты тарату;

тұтынушының саналы шешім қабылдауы үшін қажетті микрокредиттің елеулі талаптары, құны және тәуекелдері туралы ақпаратты ұсынбау;

- 6) қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) қосымша қызметті сатып алудан бас тарту құқығы туралы ақпаратты жасыра отырып, микрокредитті қосымша қызметпен ұсыну, оның ішінде:

микрокредит алу қосымша қызметті, оның ішінде өзге қаржы ұйымы ұсынатын қызметті сатып алуға байланысты болатын талап белгілеу;

микрокредитті ресімдеу кезінде міндетті емес қосымша қызметтерді сатып алуға итермелеу;

ерікті сақтандыру шартын және ақылы қызметтер көрсетуге арналған өзге де шарттарды жасаспай микрокредит беру туралы шарт жасасу мүмкіндігі туралы ақпарат ұсынбау;

қаржылық қызметтерді тұтынушы (Өтініш беруші, Қарыз алушы) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге байланысты емес ерікті сақтандыру шартын жасасудан бас тартқан жағдайда микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша сыйақының мөлшерін ұлғайту;

ерікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасын берілетін микрокредиттің сомасына міндетті түрде қосу;

микрокредит беру туралы қысқа мерзімді шарттар жасасу кезінде өмірді сақтандыру шартын міндетті түрде жасасу талабын белгілеу;

қаржылық қызметтерді тұтынушының келісімін алмай, қосымша қызметтерді сатып алу туралы ұсыныстары бар хабарламаларды және (немесе) хабарларды жіберу;

- 7) Ломбардтың қызметкерлерін (уәкілетті агенттерді немесе серіктестік келісімдер шеңберіндегі үшінші тұлғаларды, олар болған кезде) ынталандыру, олардың тиімділігін бағалау және сыйақы беру жүйелерін белгілеу немесе қолдану, олар тікелей немесе жанама түрде мыналарды ынталандырады:

қаржылық қызметтерді тұтынушының (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) қосымша қызметті сатып алудан бас тарту құқығы туралы ақпаратты жасыра отырып, микрокредитті қосымша қызметпен алуды ұсыну;

қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мақсаттарына және мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтін микрокредиттер беру;

Талаптардың сақталмауы, оның ішінде сыйақыны қызмет көрсету сапасы ескерілмей, тек сату көлеміне, жасалған шарттардың санына не берілген микрокредиттердің мөлшеріне байланыстыру жолымен;

- 8) төлем қабілеті жоқ қаржылық қызметтерді тұтынушының (Қарыз алушының) берешегін осындай қаржылық қызметтерді тұтынушы үшін нақты экономикалық нәтижеге қол жеткізілмей формальды түрде реттеу, оның ішінде:

ай сайынғы төлемнің мөлшерін төмендетуге және (немесе) қаржылық қызметтерді тұтынушы (қарыз алушы) үшін міндеттемені орындау талаптарының өзгедей жақсаруына әкеп соқпайтын микрокредит беру туралы шарттың мерзімін ұлғайту;

қосымша қызметтерді енгізу жолымен микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту;

төлем қабілетсіздігінің сыни деңгейінде деп жіктелген қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (қарыз алушылардың) микрокредит беру туралы шарттарының талаптарын олардың міндеттемелерді орындауға нақты қабілеті ескерілмей өзгерту;

- 9) ұйымның қаржылық өнімдерді ұсыну кезіндегі адал мінез-құлық стандарттарын бұзатын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік), оның ішінде:

қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өтініштерін қарау мерзімдерін қасақана созу;

берешекті өндіріп алу кезінде құқыққа сыйымсыз әрекеттерді қолдану не қолдану қаупін төндіру, қорлайтын сөз айту.

14.21. Ломбардтың төлем қабілеті жоқ қызметтерді тұтынушыларымен жұмыс істеу кезінде берешекті өндіріп алуға қатысты жауапты іскерлік практикалар, оның ішінде қызметтерді тұтынушыны (Қарыз алушыны) хабардар ету және берешекті өндіріп алу кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі осы Ережелердің 13-тарауында [RU-да «9-тарау» деп көрсетілген] айқындалған.

14.22. Клиенттермен жұмыс шеңберінде Ломбард жыл сайын қаржылық қызметтерді қолданыстағы және әлеуетті тұтынушылардың – жеке тұлғалардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) қаржылық сауаттылығы бағдарламасын әзірлейді және бекітеді, ол оларда қаржылық өнімдердің (микрокредиттеу бағдарламаларының) талаптары, олармен байланысты тәуекелдер мен салдарлар туралы түсінік, сондай-ақ негізделген әрі дербес шешімдер қабылдау қабілетін қалыптастыру мақсатында әзірленеді.

14.23. Қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған ақпарат мынадай талаптарға сәйкес келеді:

жеке өзара іс-қимылды қоса алғанда, қаржылық қызметтер көрсету кезінде және ұйымның цифрлық объектілері пайдаланылған кезде қолжетімді;

мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету жөніндегі қаржы ұйымдары бөлімшелерінің қолжетімділігі жөніндегі ұлттық стандарттың талаптары ескеріле отырып, мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына бейімделген;

мысалдармен, есептеулермен, кестелермен және көрнекі материалдармен сүйемелденеді.

14.24. Ломбардтың қаржылық сауаттылық бағдарламасы, оның ішінде, мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) ұсынылатын қаржылық өнімдердің (микрокредиттеу бағдарламаларының) және шарттардың талаптарын түсіндіру, оның ішінде:

пайыздар мен төлемдерді есептеу тетіктерін;

сыйақы мөлшерлемелерін;

- 2) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) құқықтары мен міндеттері туралы, оның ішінде мынадай құқықтары туралы хабардар ету:

толық ақпарат алуға;

өтініш беруге және өз құқықтарын қорғауға, оның ішінде дауларды сотқа дейін реттеу құралдарын қоса алғанда;

3) цифрлық қаржылық сауаттылық, ол мыналар туралы хабардар етуді көздейді:

мобильдік қосымшаларды қауіпсіз пайдалану;

алаяқтық тәуекелдерді;

дербес деректерді және өзге де мәліметтерді қорғау тәсілдерді;

қолжетімділік жоғалған, деректер сыртқа кеткен және санкцияланбаған операциялар жасалған кездегі қажетті әрекеттерді;

4) халықтың осал топтары үшін арнайы шаралар, оның ішінде:

кірісі және білім деңгейі төмен клиенттер;

егде жастағы адамдар;

мүгедектігі бар адамдар және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары.

14.25. Қызметтерді тұтынушыларды (Өтініш берушілерді, Қарыз алушыларды) ақпараттандыруда мінез-құлықтық құралдарды қолдану, оның ішінде:

үлгілік қателіктер туралы түсіндірмелер мен ескертулер (ең аз төлем жасалған кезде артық төлемнің ұлғаюы мүмкін екені туралы хабарламалар, мерзімін өткізіп алудың салдары туралы хабарландырулар, дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптардың сақталмауы туралы ескертулер, кодтар мен парольдерді беруге жол берілмейтіні туралы ескертулер және басқа да ескертулер);

негізгі тәуекелдерге визуалды екпін жасау;

қаржылық қызметтерді тұтынушының қабылдайтын шешімдерінің ықтимал салдарын сипаттау.

14.26. Қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде, мыналарды қамтиды:

қаржылық қызметтерді тұтынушыларды (Өтініш берушілерді, Қарыз алушыларды) цифрлық объектілерді пайдалана отырып қаржылық өнімдерді ұсынудың ерекшеліктері, олармен байланысты тәуекелдер және құқыққа сыйымсыз қол жеткізуден әрі алаяқтықтан қорғану тәсілдері туралы хабардар ету;

оқыту және түсіндіру материалдарын цифрлық объектілердің интерфейстеріне (мобильдік қосымшаларға) интеграциялау.

14.27. Ломбард өзінің интернет-ресурсында (бар болса) жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды, қаржылық өнімдер бойынша түсіндірмелерді, сондай-ақ оқыту материалдарын қамтитын қаржылық сауаттылық жөніндегі бөлімнің болуын қамтамасыз етеді.

14.28. Ломбард жыл сайын:

қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалайды;

бағалау нәтижелерін және анықталған мінез-құлықтық тәуекелдерді ескере отырып, қаржылық сауаттылық бағдарламасын түзетеді.

14.29. Ломбард қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру жөнінде жүргізетін жұмыс шеңберінде интернет-ресурста және (немесе) Ломбардтың бөлімшелеріндегі ақпараттық стенділерде мынадай ақпаратты орналастыра алады:

- 1) қарапайым әрі түсінікті тілде жазылған, кең ауқымды қаржылық тақырыптағы ғылыми-танымал жарияланымдар;
- 2) қаржылық тақырыптар бойынша вебинарлардың (аудиоконференциялардың) кестелері (микрокредиттер беру, микроқаржылық заңнаманы түсіндіру және т.б. мәселелері бойынша);
- 3) жеке қаржылық дағдылар мен құзыреттерді бағалауға арналған тесттер;
- 4) клиенттерге (Өтініш берушілерге, Қарыз алушыларға) күнделікті өмірде тани білуге және болғызбауға тиіс алаяқтық схемалардың мысалдары;
- 5) «Калькулятор» – қаржылық қызметті тұтынушыға (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) мыналарды айқындауға мүмкіндік беретін жедел есептеу құралы:
 - 1) өтеудің сараланған және аннуитеттік әдістерін, сондай-ақ осы Ережелерде және микрокредиттеу бағдарламаларында көзделген өтеудің өзге де әдістерін пайдалана отырып, микрокредит бойынша төлемдердің мөлшерін және төлемдердің жалпы сомасын есептеуге;
 - 2) қызметке байланысты барлық төлемдерді ескере отырып, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін, оның қорытынды мәнін көрсете отырып.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат қаржылық сауаттылық деңгейі әртүрлі адамдардың кең ауқымына арналған.

Интернет-ресурс материалдарын пайдаланудың құқықтық режимі орналастырылған деректерге еркін және ашық қол жеткізуді көздейді; оларды жарияланымның көлемі мен мерзімдері бойынша қандай да бір шектеусіз кез келген БАҚ-та, оның ішінде Интернет желісінің ашық көздерінде, кез келген ақпарат тасығышта жаңғыртуға рұқсат етіледі. Интернет-ресурстың жарияланымдарын алған кезде орындалуы міндетті жалғыз талап – оны бастапқы дереккөз ретінде көрсету. Ұсынылған ақпарат тек ағартушылық мақсаттарға қызмет етеді және уәкілетті органның интернет-ресурсындағы ақпарат сияқты ресми сипатта болмайды.

14.30. Ломбардтың қызметкері Қарыз алушымен микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасар алдында Қарыз алушының қаржылық сауаттылығына қойылатын ең төменгі талаптардың тізбесін түсіндіреді; атап айтқанда, Қарыз алушы:

- жеке қаржысының жай-күйін қадағалауға;
- өз кірістері мен шығыстарын жоспарлауға;
- қаржылық қауіпсіздік қорын қалыптастыруға және күтпеген жағдайларға арнап ұзақ мерзімді жинақ жасауға;
- қажетті қаржылық ақпаратты іздеу, бағалау және пайдалану дағдыларын меңгеруге;

- қаржылық қызметтерді парасатты таңдауға;
- кіріске шамалас емес қарыздардан аулақ болуға, олар бойынша төлемеушілікті болғызбауға, өз мүмкіндігіне қарай өмір сүруге;
- қаржылық қызметтер саласындағы өз құқықтары мен заңды мүдделерін білуге және оларды қорғай білуге;
- қаржылық алаяқтықтың белгілерін тани білуге;
- қаржылық қызметтер нарығындағы тәуекелдер туралы түсінігі болуға;
- өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде жеке және отбасылық қаржыны ұзақ мерзімді жоспарлауды жүргізуге қабілетті болуға тиіс.

Ломбард қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға ықпал ететін қосымша жүйелі шаралар қабылдауға, оның ішінде ақпараттық буклеттер таратуға, тақырыптық іс-шараларда микрокредиттеу тақырыбын жариялауға және Ломбардтың қызметкерлері үшін қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламаларын енгізуге құқылы.

15. ЛОМБАРД ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫ (ӨТІНІШ БЕРУШІ, ҚАРЫЗ АЛУШЫ) АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕРДІ РЕТТЕУ КЕЗІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫМЕН (ӨТІНІШ БЕРУШІМЕН, ҚАРЫЗ АЛУШЫМЕН) ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ОМБУДСМАНЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

15.1. Қарыз алушы – жеке тұлға «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген Ломбардтың шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының бесінші бөлігінде көзделген мерзімде микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде, Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

15.2. Микроқаржы омбудсманы Қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін оның Ломбардқа жүгінгені және Ломбардпен микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмегені туралы дәлелдемелер ұсынылған кезде қарайды.

15.3. Микроқаржы омбудсманы деп жеке тұлғаның және Ломбардтың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында Микроқаржы ұйымы мен жеке тұлға арасында жасалған микрокредит беру туралы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді оның өтініші бойынша реттеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 29-1-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда әрекет ететін, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға танылады.

15.4. Микроқаржы омбудсманы жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушы мен осындай Қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға арасында туындайтын келіспеушіліктерді Қарыз алушының өтініші негізінде реттеуді жүзеге асырады.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін өзі сатып алған Қарыз алушы жүгінген кезде

микроқаржы омбудсманымен өзара іс-қимыл жасауға және микроқаржы омбудсманы сұрататын, микрокредитке байланысты кез келген ақпарат пен мәліметтерді беруге міндетті.

15.5. Микрокредит беру құпиясы микроқаржы омбудсманына оның қарауындағы, Қарыз алушылардың – жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттан туындайтын, оның ішінде құқықтары (талап ету) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-1-бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға берілген келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі өтініштері бойынша ашылуы мүмкін.

15.6. Шешімді микроқаржы омбудсманы жеке дара қабылдайды және ол дауға қатысушы тараптардың назарына жазбаша нысанда жеткізіледі.

Шешімдер қабылдау кезінде микроқаржы омбудсманы Қазақстан Республикасының заңнамасын және жасалған шарттардың талаптарын басшылыққа алады.

15.7. Микроқаржы омбудсманы мынадай өтініштерді қарамайды:

- 1) сот қарауға қабылдаған және (немесе) олар бойынша заңды күшіне енген сот актісі бар;
- 2) олар бойынша жүгінген адам микрокредит беру туралы шарт шеңберінде туындаған жағдайды реттеу мақсатында Ломбардқа, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаға жүгінгенінің жазбаша дәлелдемесін ұсынбаған;
- 3) істің жаңа мән-жайлары болмаған кезде қайта жіберілген.

15.8. Микроқаржы омбудсманының шешімі оны Қарыз алушы – жеке тұлға қабылдаған жағдайда, Ломбард, Қарыз алушымен – жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға үшін міндетті.

Өтінішті қарау нәтижелері мүдделі тараптар немесе олардың өкілдері қол қоятын хаттамамен ресімделеді және жеке тұлғаның, Ломбардтың, қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның назарына жеткізіледі.

15.9. Микрокредит беру туралы шарттар (кепіл билеттері) бойынша міндеттемелерді орындау талаптарын өзгертуге қатысты Қарыз алушылардың – жеке тұлғалардың өтініштері бойынша микроқаржы омбудсманы тараптардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуіне және микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау талаптарын өзгерту туралы тараптар келіскен шешім қабылдауына жәрдемдеседі.

Микроқаржы омбудсманының шешімімен келіспеген жағдайда мүдделі тарап сотқа жүгінуге құқылы.

15.10. Ломбард, Қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға микроқаржы омбудсманының шешімін ол белгілеген мерзімде орындамаған жағдайда, микроқаржы омбудсманы бұл туралы уәкілетті органды бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

Егер тараптардың келісімі бойынша өзге мерзім белгіленбесе, Ломбардтың, Қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның микроқаржы омбудсманының шешімін орындау мерзімі күнтізбелік отыз күнді құрайды.

16. МҮГЕДЕКТИГІ БАР АДАМДАРҒА ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ЖҮРІП-ТҰРУЫ ШЕКТЕУЛІ ТОПТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

16.1. Клиенттермен (Өтініш берушілермен, Қарыз алушылармен) тікелей өзара іс-қимыл жасайтын Ломбардтың қызметкерлері міндетті:

- микрокредит беру туралы, микрокредит беру туралы шартты (кепіл билетін) жасасу талаптары туралы ақпаратты анық және толық көлемде ұсынуға;
- өзімен бірге Ломбард қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетілген бейдж алып жүруге;
- клиенттен (Өтініш берушіден, Қарыз алушыдан) алынған, микрокредит беру туралы заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге.

16.2. Ломбардтың мыналарға құқығы жоқ:

- қосымша қаржылық қызметтерді ұсыну кезінде клиентке психологиялық қысым көрсетуге;
- клиенттің қосымша қызметтер алуға келісімін автоматты түрде қоюға;
- микрокредит беру туралы шарттың елеулі талаптарын жасыруға немесе клиентті жаңылыстыруға бағытталған көрнекі немесе өзге де айла-шарғыларды пайдалануға.

16.3. Қосымша қызметтер ұсынылған кезде клиентке қызмет туралы, оның елеулі талаптары туралы, сондай-ақ микрокредит беру талаптарын нашарлатпай қызметтен бас тарту құқығы туралы толық ақпарат беріледі.

16.4. Мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – МБА) және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына (бұдан әрі – ХЖШТ) қызметтер көрсету мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызметтер көрсету жөніндегі қаржы ұйымдары бөлімшелерінің қолжетімділігі жөніндегі ұлттық стандарттың талаптары ескеріле отырып жүргізіледі (ҚР СТ 3844-2023).

16.5. Өзара іс-қимылдың ерекшеліктері:

16.5.1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған МБА мен ХЖШТ-ға қызмет көрсету кезінде Ломбардтың қызметкерлері:

- клиенттің (Өтініш берушінің, Қарыз алушының) өз бетінше жүріп-тұруы қиын болған жағдайда Ломбардтың үй-жайына кіруге жәрдемдеседі, қажетті маманды және қажетті операцияны таңдауға көмектеседі, күту залындағы (бөлімшедегі) орынға, терезеге (кассаға) немесе оған қызмет көрсету орнына дейін сүйемелдейді және шығарып салады.

16.5.2. Ломбардтың қызметкерлері МБА мен ХЖШТ-ға қызмет көрсету кезінде мыналарды көздейді:

- Ломбардтың бөлімшелерінде МБА мен ХЖШТ-ға бірінші кезекте қызмет көрсету;
- МБА мен ХЖШТ-ның Ломбард қызметкерлері тарапынан ситуациялық көмекті пайдалану мүмкіндігі;
- Ломбард қызметкерлерінің нормативтік құқықтық база туралы, мүгедектікті түсіну тәсілі туралы, оның ішінде МБА мен ХЖШТ-ны сәйкестендіру мүмкіндігі туралы хабардар болуы;

– МБА мен ХЖШТ-ға қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлерді даярлау және оқыту;

– есту қабілеті бұзылған МБА клиенттері (Өтініш берушілер, Қарыз алушылар) үшін онлайн сурдоаудармашы қызметінің болуы, не Ломбард қызметкерінің ауызша сөзін нақты уақыт режимінде мәтінге түрлендіруді қамтамасыз ететін мобильдік қосымшаны пайдалану, не акпаратты қабылдауға қолжетімді нысанда ұсыну.

16.5.3. МБА мен ХЖШТ-ға қызмет көрсетуден және қызметтер ұсынудан бас тартуға жол берілмейді.

16.5.4. Ломбардтың микрокредиттер беруі МБА-ның барлық санаттары үшін қолжетімді болуға тиіс.

16.5.5. Ломбардтың қызметкерлері ағза функцияларының бұзылуының әртүрлі түрлері бар клиентпен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) өзара іс-қимыл жасау және оған ситуациялық көмек көрсету кезінде мыналарды қамтамасыз етеді:

– клиентті уақтылы көзбен айқындау (жолсерік иттің, мүгедектер арбасының, загіптарға арналған көзілдіріктің және/немесе таяқтың, есту аппаратының немесе өзге де ассистивтік технологиялар мен құрылғылардың болуы);

– қарым-қатынас кезінде әдеп қағидаларын сақтау;

– қызмет көрсету шеңберінде қызметкер мен клиент (Өтініш беруші, Қарыз алушы) қажетті операцияларды жасаған кезде клиенттерді сүйемелдеу қағидаларын сақтау;

– барынша тиімді өзара іс-қимыл үшін қызметкерлердің әрекеттерін тікелей клиенттен (Өтініш берушіден, Қарыз алушыдан) нақтылау;

– барынша қолайлы қызмет көрсету үшін қолжетімді шараларды қолдану;

– егер клиент өзге қарым-қатынас тәсілін таңдамаса, оны сүйемелдеушімен емес, клиенттің өзімен (Өтініш берушімен, Қарыз алушымен) қарым-қатынас жасау;

– клиентке (Өтініш берушілерге, Қарыз алушыларға) қызмет көрсету процесінде күйзеліс факторларын барынша азайту.

16.5.6. Ломбард эмоционалдық интеллектті дамытуды, Ломбардтың қызметкерлерін, сондай-ақ клиенттермен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын адамдарды (оның ішінде міндеттеріне қаржылық операциялар жасау кіретін мамандарды, касса қызметкерлері мен бөлімше әкімшілерін) оқытуды және олардың құзыретін арттыруды қамтамасыз етеді; бұл ретте оқыту процесіне МБА-ның дәріскерлер мен жаттықтырушылар ретінде қатысу мүмкіндігі көзделеді.

16.5.7. Ломбардтың қызметкерлері клиенттерге (Өтініш берушілерге, Қарыз алушыларға) қызмет көрсету қағидаттарының және микрокредиттер берудің негізгі аспектілерінің іске асырылуын клиенттің (Өтініш берушілердің, Қарыз алушылардың) ағзасының функцияларының бұзылуының нақты түрін ескере отырып қамтамасыз етуге тиіс.

16.5.8. Ломбардтың қызметкерлері клиентке (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) алғаш рет қызмет көрсету кезінде және оның келісімімен ол туралы мәліметтерге мыналарды енгізеді: ағза функциялары бұзылуының түрі, клиентте бар шектеулер мен қызмет көрсету ерекшеліктері, сондай-ақ осы клиентті сүйемелдейтін адам туралы мәліметтер:

– төтенше жағдай туындаған кезде эвакуациялау қажет болған жағдайда клиенттерге үй-жайдан шығуға көмек көрсетілуін қамтамасыз етеді.

16.6. Ақпарат алудың қолжетімді нысандары

16.6.1. Ломбардтың бөлімшелерінде келіссөздерге ым-ишара тілі маманының қатысуы немесе ым-ишара тілін меңгерген Ломбард маманында онлайн-бейнеконсультация өткізу, не жазбаша қарым-қатынас, не жеке сурдоаудармашы арқылы қарым-қатынас, не МБА мен ХЖШТ-ға тиесілі мобильдік құрылғыны пайдалана отырып сурдоаударманың қашықтықтағы сервисін пайдалану қамтамасыз етіледі.

16.6.2. Ломбардтың қызметкерлері клиентке микрокредит беру туралы шарттың үлгілік нысанының, Микрокредиттер беру ережелерінің электрондық көшірмесін танысу үшін алу мүмкіндігі туралы, олардың дәл және толық мазмұнын клиенттің назарына жеткізу мақсатында хабарлайды.

16.6.3. Ломбард клиенттің келісімі болған кезде, оның ішінде ол туралы мәліметтерде тиісті белгілер болған кезде, клиентке қызмет көрсету кезінде сүйемелдеуші адамның қатысуына кедергі келтірмейді.

16.6.4. Ломбард қызметкерлердің тиісті біліктілігін қамтамасыз ету үшін тиісті заңнамалық базадан бөлек:

- клиенттерге қызмет көрсету жөніндегі Ломбардтың ішкі регламенттерін, сондай-ақ анықтамалық және оқыту материалдарын зерделеуге жәрдемдеседі;
- бөлімшелерде жұмыс істейтін Ломбард қызметкерлеріне арналған, клиенттерге қызмет көрсету процесінде ситуациялық көмек көрсету жөніндегі талаптарды көздейтін тізімді толықтырады;
- қызметкерлерді клиентке (Өтініш берушіге, Қарыз алушыға) микрокредит беру (микрокредит беру туралы шарт жасасу) мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сілтеме жасай отырып, бас тарту себептерін түсіндіру дағдыларына үйретеді;
- клиенттерге (Өтініш берушілерге, Қарыз алушыларға) қатысты кемсітпейтін саясат мақсатында сұрау салу бойынша дәлелді бас тартуды жазбаша нысанда ұсынады. Ломбардтың қызметкерлері тиісті құжатты қағаз жеткізгіште жасайды және клиентке, оның өкіліне не клиенттің қатысуымен оны сүйемелдеуші адамға береді;
- байланыс орталықтарының, онлайн-чаттардың және онлайн-бейнеконсультациялардың қызметкерлері үшін клиенттермен (Өтініш берушілермен, Қарыз алушылармен) дұрыс қарым-қатынасты қамтамасыз ететін әңгіме сценарийлерінің (скрипттердің) болуын көздейді;
- клиентке үй-жай бойынша ыңғайлы жүріп-тұруы, оған қызмет көрсету және өзіне-өзі қызмет көрсету үшін бөлімшеде бар, өзіне қолайлы бейімделу шешімдері туралы (контрастты таңбалаудың, тактильдік еден және қабырға көрсеткіштері мен тақтайшаларының, дыбыс күшейткіштердің (индукциялық ілмектердің), бөлімшелердегі дыбыстық ақпараттың, клиентке қызмет көрсетуге арналған арнайы орындардың, клиенттердің қажеттіліктеріне бейімделген банкоматтардың орналасуы туралы және т.б.), сондай-ақ бөлімшеде әртүрлі бұзылулары бар клиенттерге ыңғайлы қызмет көрсету және операциялар жасау, сондай-ақ микрокредиттер беру жөніндегі қызметтерді толыққанды алу үшін қажет болуы мүмкін ассистивтік технологиялар мен құрылғылардың болуы туралы хабардар етеді;

– клиенттің сұрау салуы бойынша оған Ломбардта бар арнайы өнімдер мен қызметтер туралы, сондай-ақ клиенттер үшін бар жеңілдікті талаптар, мөлшерлемелер, тарифтер және қызмет көрсету нұсқалары (олар болған кезде) туралы хабарлайды;

– денсаулығында бар бұзылулар салдарынан өз бетінше қол қоюға қабілетсіз клиентке Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, құжатқа қол қоюдың бар нұсқаларын ұсынады (клиенттің өкілінің қол қоюы, сондай-ақ құжаттың қол қоюға арналған белгілі бір өрісінің шекараларын белгілеуге арналған мамандандырылған трафарет сияқты бейімделу құрылғысын пайдалана отырып қол қою);

– клиенттердің осы санатына қашықтан қызмет көрсетуге арналған бейімделу шешімдері туралы, сондай-ақ қашықтықтан арналарды (байланыс орталықтарын, онлайн-бейнеконсультацияларды) және қашықтықтан сәйкестендіру мен аутентификациялауды пайдалана отырып қаржылық қызметтерге қол жеткізудің өзге де мүмкіндіктері туралы клиентке хабарлайды. Клиенттер үшін маңызды операциялардың жасалуын растаудың бірнеше балама арнасының болуын және оларды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді: телефон қоңырауы, чат, смс, бейнечат және т.б.

16.7. Сенім білдірілген адамның қатысуы:

16.7.1. Ломбардтың қызметкерлері клиенттің жеке сурдоаудармашысының немесе тифлосурдоаудармашысының қатысуына (сенім білдірілген адамның қатысуына) кедергі келтірмейді.

16.7.2. Егер саңырау-соқыр, саңырау немесе нашар еститін клиентті сүйемелдеуші адам өзінің ым-ишара тілінің маманы (сурдоаудармашы, тифлосурдоаудармашы) екенін айтса, Ломбардтың қызметкері ым-ишара тілі маманынан белгіленген үлгілерге/нұсқаларға сәйкес тиісті құжаттарды көрсетуін сұрауға және олардан көшірме түсіруге, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттан (паспорттан) басқа, аудармашыдан білімі мен біліктілігі туралы құжатты сұратуға құқылы.

16.7.3. Қауіпсіздік мақсатында, тиісті техникалық мүмкіндік болған кезде, Ломбардтың қызметкерлері ым-ишара тілі маманын және клиентті бұл туралы алдын ала ескерте отырып, ым-ишара тілі маманымен қызмет көрсетудің бейнежазбасын жүргізуге құқылы. Ломбардтың қызметкерлері ым-ишара тілі маманынан құжаттың мәтінін бұрмаламай аударғанын көрсете отырып, микрокредит беру туралы шартқа қол қоюын сұрауға құқылы.

